

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 184 (9502) || 1954 жылғы 15 Сентябрь Сәрсенбі || Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ОБЛЫСЫМЫЗДА (1-бет).
А. Бородин. — Мемлекетке астықты көп берейік (1-бет).
ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (2-бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Н. Бектенбаев. — Механизаторлардың рухани тілегін елемейді. М. Иванов. — Коммунистер жауапты участоқта (2-бет).
Жаңа оқу жылында партия оқуы (2-бет).
ЕГІН ЖЫЙНАУДА ӨРЫР КОМБАЙН АГРЕГАТЫНЫҢ СМЕ-
НАЛЫҚ ТАПСЫРМАНЫ ТОЛЫҚ ЖӘНЕ АСЫРА ОРЫНДАУЫНА

ЖЕТІСЕЙІК! Т. Кәдіров. — Жалпылама басшылық, жалаң сөздің салдары (3-бет).
Н. Танкеев. — Өнімді еңбек (3-бет).
Е. Мырзахметов. — Көтеріңкі міндеттеме — игілікті нәтиже (3-бет).
Ж. Мұзапаров. — Жаңа совхоздарда (3-бет).
Д. Тоқпанов. — Қоғамдық меншікті сақтау — әрбір азаматтың қасиетті борышы (4-бет).
Шетел жабарлары (4-бет).

Жылдық жоспарды толық және асыра орындайық

Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыздың өнеркәсіп орындары да социалистік Отанымыздың экономикалық күш-қуатын онан әрі арттыра беруге лайық кәсіпкерлік заманғы озат техникамен мол жабдықталған. Демек, облыс кәсіпорындарының өнім шығару жоспарын ай сайын, барлық көрсеткіштер бойынша толық орындап отыруына күш-мүмкіншіліктер жеткілікті.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары ішкі мүмкіншіліктер мен резервтерді, әсіресе, техника қуатын толық пайдалана отырып, өнім шығару жоспарын ай сайын толық және асыра орындап келеді. Мұндай кәсіпорындарының қатарына осы жылдың сегіз айлық жоспарын асыра орындаған электр өнеркәсібі мен электр станциялары министрлігінің Петропавлдағы заводын, шатын двигателдер, шойын құю-таразы заводтарын, темекі фабрикасын мен спирт комбинатын қосуға болады. Аталған кәсіпорындары ішкі өндіріс мүмкіншіліктерін тиімді пайдаланудың және еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетудің арқасында өнім шығару жоспарын мерзімінен бұрын, асыра орындаумен қатар, өнімнің сапасын жақсарту, оның өзіндік құнын кеміту, отынды, электр қуатын, шикізаттар мен материалдарды да көптеп үнемдеуге жетісті.

Жергілікті және кооперативті өнеркәсіп орындарында да халық тұтынатын товарлар шығару ісі біраз жақсартылды. Мәселен, қаладағы «Екпінді», «Деревобуделочник», «9 Май» және Сталин атындағы кәсіпшілік артельдері мен Приешім өндіріс комбинатында халық тұтынатын товарлар, үй шаруасына қажетті бұйымдар өндірудің сегіз айлық жоспары толық орындалды.

Бірақ, облыс өнеркәсіп орындарын тұтас алғанда жылдық өндірістік жоспардың орындалуы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Өндіріс құрал-жабдықтарының, отын мен шикізаттың, электр қуатының жеткіліксіз болуына қарамастан, облыстың көптеген кәсіпорындары өнім шығару жоспарын ай сайын орындай алмай келеді. Мұның себебі неде? Оның себебі сол — көптеген өнеркәсіп орындарында еңбек ұйымдастыру ісі нашар, техника қуаты толық пайдаланылмайды. Еңбек өнімділігін арттыру үшін өнім

толық орындай алмайды. Оның үстіне комбинат шығарып жүрген азық-түлік товарларының сапасы әлі күнге дейін нашар. Өнімнің ассортименті де тым аз. Еңбегішілердің нан-бұжық тағамдарына деген тілектері барған сайын өсіп отырса да, комбинат азық-түлік товарларының бұл түрлерін мейлінше аз шығарып, оны өндіруді ұлғайту жөнінде тиісті шаралар белгілемей отыр.

Сол сыяқты, аяқкиім фабрикасы, Памфилов атындағы кәсіпшілік артельдері өз мүмкіншіліктеріне сай жұмыс істеп отырған жоқ. Бұл екі кәсіпорны қысқы аяқкиім, әсіресе, пима өндірудің сегіз айлық жоспарын көп кем орындап, еңбекшілерге жүздеген пар аяқкиімді жоспардағыдан аз берді.

Үстіміздегі жылы «Пищевик» кәсіпшілік артели және «Сельхозмукаға» қарасты дирмендер еңбекшілердің тұтынуына арналған үй мен азық-түлік товарларын көптеп шығаруға тиісті еді. Бірақ, олар үй тартудың және азық-түлік товарларын өндірудің айлық жоспарын ұдайы орындай алмай келеді. «Пищевик» кәсіпшілік артели қолда бар өндіріс құрал-жабдықтарын нашар пайдаланудың салдарынан өнім шығарудың сегіз айлық жоспарын бар болғаны 87,7 процент ғана орындады. Ал, «Сельхозмукаға» қарасты дирмендер үй тарту жоспарын небары 63,2 процент ғана орындай алды.

Облыс кәсіпорындарында құрылыс материалдарын дайындау ісі де төзгісіз күйде. Көптеген құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындары жылдық жоспарды мейлінше қанағаттанғысыз орындауда. Мәселен, № 1 кірпіш зауытының (директоры Хохлаев жолдас) жұмысын алайық. Бұл завод облыс құрылыс мекемелері үшін құрылыс материалдарын көптеп өндіре алады. Алайда, завод ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалануға жетіспеудің салдарынан құрылыс материалдарын мейлінше аз өндіріп келеді. Аталған завод кірпіш өндірудің үстіміздегі жылдың сегіз айына белгіленген жоспарын 53 процент ғана орындады. «Строитель» кәсіпшілік артели де құрылыс материалдарын өндірудің тағайындалған жоспарын ай сайын орындай алмай, құрылыс мекемелерінің жұмысын көріне-көзге бөген отыр.

Әрбір кәсіпорны үшін заң — жылдық



Ауыл шаруашылығы озаттарының алдыңғы қатарлы тәжірибелері туралы плакаттар

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ауыл шаруашылық насихат басқармасы еңбек озаттарының тәжірибелері туралы көптеген плакаттар шығарды. Суреттермен, диаграммалармен және чертесдермен көркейтілген плакаттар жаңа жерлерді игеріп жатқан ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің, мал шаруашылығы озаттарының тамаша жұмыс әдістерін бейнелейді.

Образцовой МТС-нің трактор бригадасының бригадирі И. Попов жолдастың, дәнші дақылдардан мол өнім алған Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозының жұмыс тәжірибелері жақында үш

мың дана болып баспадан шықты. Облысымыздың алдыңғы қатарлы сауыншылары мен шошқа бағушыларының қол жеткен табыстары жөнінде де арнаулы плакаттары шығарылды.

Сол сыяқты, Ленин ауданындағы «Мир» колхозының астық қырманын қалай механикаландырғаны жөнінде де плакаттар шығарылып, олар облысымыздың колхоз, совхоздарына жіберілді. Онда астық қабылдау процестерінің механизм күшімен қалай орындалатыны туралы айтылады.

С. ҚАМЕТОВ.



СУРЕТТЕ: Петропавлдағы Моторная көшесінде жұмысшылар мен қызметкерлер үшін жаңадан салынған сегіз пәтерлі үй.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

ЕҢБЕКШІЛЕР ҮШІН ЛЕКЦИЯЛАР

Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі облысымыздың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде ғылыми-атеистік насихатты кеңінен өрістетуде. Қаладағы мұғалімдер институтының оқытушысы, биология ғылымының кандидаты Шыжов жолдас Бұлаев ауданының «Бұлаевский», Жданов атындағы, Маленков атындағы, Узинкол және Чистов совхоздарында «Түс және түс көру», «Хаяуналар дүниесінің шығуы» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. Философия ғылымының кандидаты Лежбеков жолдас Совет ауданының Қыялы және Шағлы астық совхоздарында және басқа жерлерінде «Марксизм-ленинизм тінін шығуы туралы» «Совет ала-

Олар сүтті мол сауып келеді

Преснов ауданы «Путь к коммунизму» колхозының мүшелері мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыра түсуде. Үстіміздегі жылы жылқы, сыйыр, қой, ешкі, шошқа малдарының жылдық жоспары артығымен орындалды. Сыйыр фермасындағы сауыншылар әрбір сауын сыйырдан 1700—1800 литрден сүт саууды міндеттеніп, бұл міндеттемені абыроймен орындап жүр. Мемлекетке сүт тапсыру жоспарын толық орындап, кәзір сүтті мемлекеттік сатып алу орындарына өткізіп келеді. Колхоздың тәжірибелі сауыншылары Нина Бродовая, Екатерина Гребенюк, Нина Гелер, Анна Любенко, Ольга Руденко тағы басқалары бірінші сентябрьдің өзінде ғана әр сауын сыйырдан 1400—1500 литр сүт сауыды. Осындай табысқа жетудің себебі озат сауыншылардың қажырлы еңбегінің нәтижесінен болып отыр.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Жастардың үлгілі ісі

Приешім ауданындағы Куйбышев атындағы колхоздың комсомолдері мен жастары алта сайын жексенбілік ұйымдастырып, астық тазарту жұмыстарына белсене қатысуда.

Құрылысшы қарттар


Преснов ауданы Абай атындағы колхозда жаңа құрылыстар салу жұмысы жыл сайын жүргізіліп келеді. Быйыл мұнда арнаулы құрылысшылар бригадасы құрылып, оны басқаруға ағаш шебері Е. Нұртазин тағайындалған болатын. Бригада мүшелері өз жұмыстарын үлгілі ұйымдастырып, қажырлы еңбек етуде. Олардың көпшілігі Н. Темірбеков, С. Дүйсенбеков, С. Байұзақов сыяқты үлгілі еңбек ететін қарт колхозшылар.

Құрылысшы қарттар жабық қырманлар жасауда колхозға көп көмек етті. Сол сыяқты, 150 бас қой сыятын стандартты қора, мал фермасының жұмысшылары үшін төрт бөлмелі ағаш үй салып, пайдалануға берді. Олар қыс түсеңге дейін тағы да колхозшыларға арнап 10 үй салуға міндеттеніп отыр.

А. ҚАЗИЕВ.

Механизаторлардың міндеттемесі

Бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты Чапаев МТС-нің қамтуындағы Калинин атындағы колхозда жұмыс істейтін Рағоза жолдас басқарған трактор бригадасы СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы» қаулысымен еңбектегі әрбір тракторшының міндеті. Олар бұл мін-



«Баян» колхозының (Преснов ауданы) трактор бригадасындағы дала кұхнясы.
СУРЕТТЕ: ас пісіруші З. Акулинының ас пісіріп жүрген кезі.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

МЕХАНИЗАТОРЛАРДЫҢ ЖАҢА ТОБЫ

Облысымыздың МТС-тері жаңа механизатор кадрларымен толықтырылуда. МТС-ке жұмысқа ауыл шаруашылығын механизациялау училищесін бітірген көптеген жас механизаторлар келуде. Быйыл Петропавлдың механизация училищесін 63 механик-комбайнер бітіріп шығып, МТС-терде жұмыс істеуге жолдама алды.

Бұл күндері механизация училищесінде 336 болашақ механизаторлар емтихан тапсыруда. Олардың көпшілігі бірінші емтиханды үздік бағалармен тапсырды. Енді аз уақыттан кейін бұл жас механизаторлар да облыс МТС-теріне жұмысқа жіберіледі.

Б. БАҒҒАНИНА.

өнімнің сапасын жақсартып, өнімнің өзіндік құнын кемітудің озат, прогрессивтік әдістері өндіріске кеңінен қолданылмайды. Сол сияқты, технологиялық процестерді жетілдіру, технологиялық ережелерді сақтау ісі де төгісіз жағдайда.

Петропавл былғары заводы үстіміздегі жылдың сегіз айының өндірістік жоспарын небары 88,2 процент ғана орындады. Ал, осы заводтың өндірістік жоспарды белгіленген мерзімде толық орындап отыруына қажетті мүмкіншіліктер жеткілікті болды ма? Мұнда өнімді мол және сапалы шығаруға керекті мүмкіншіліктердің бірі де бар. Былғары заводы бұдан жеті-сегіз ай бұрын былғары өндіру жоспарын ай сайын барлық көрсеткіштер бойынша толық орындап келген кәсіпорындарының бірі болып есептелінетін. Бірақ, соңғы кезде завод басшылары (директоры Шульжикский жолдас) өндіріске бақылау, еңбек ұйымдастыру жұмыстарын босандығын жіберді. Олар өндіріс қуатының толық пайдаланылуын, әрбір цехтың, бригаданың, жұмысшының өндірістік тапсырманы күн сайын толық және артығымен орындауын, өнімнің технологиялық талаптарға сай жоғары сапалы болуын қатаң бақылауға алып отырмайды. Сол сияқты, мұнда өнім шығаруды ұлғайтып, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін ішкі резервтер мұқият іздестіріліп, өндіріске кеңінен енгізілмейді.

Петропавл нан комбинатында да жағдай дәл осындай. Бұл комбинат өнім шығаруды ұлғайтып, еңбекшілердің азық-түлік товарлары жөніндегі ескелен тұтыну тілеулерін мінсіз орындап отыруға тиіс еді. Не пайда, комбинат мұндай зор жауапты міндетті әлі күнге дейін ойдағыдай орындай алмай келеді. Комбинат өнім шығарудың сегіз айлық жоспарын

шұшы кезеңі туды. Әрбір кәсіпорнының басшылары, партия, кәсіподақ, қосмемол ұйымдары өндірісті ұйымдастырудағы, әсіресе, техника қуатын пайдаланудағы орын алған кемшіліктерді дереу жойып, қалған уақыты еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім шығаруды ұлғайтуға, оның сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге, отынның, шикізаттар мен материалдардың көптеп үнемделуіне барынша тиімді пайдалана білулері керек.

Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын, толық және асыра орындауда социалистік жарысқа басшылықты жақсартудың маңызы ерекше зор. Кәсіпорындарының партия, кәсіподақ ұйымдары жұмысшылардың пайдаланылмай жатқан мүмкіншіліктерді тауып іске қосу, өнім шығаруды ұлғайту, оның сапасын жақсарту, сөйтіп, жоғары еңбек өнімділігіне жетісу жолындағы социалистік жарысын тыңғылықты ұйымдастырып, олардың еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған әрбір бастамасын кезінде қолдап, жүзеге асыруға үздіксіз қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Біздің кәсіпорындарымызда техниканың қуатын өнімді пайдаланудың, өндіріс процестерін жетілдіріп, жоғары еңбек көрсеткіштеріне жетудің тамаша үлгісін көрсеткен өндіріс озаттары аз емес. Партия ұйымдарының басты міндеті — өндіріс озаттарының іс тәжірибесін кеңінен насихаттап, оны көптің игілігіне айналдыру болып табылады.

Өндіріс қуатын тиімді пайдаланып, еңбек өнімділігін арттыру, сөйтіп, жылдық өндірістік жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша толық және асыра орындау — әрбір кәсіпорны коллективінің бүгін таңдағы ең жауапты, абройлы міндеті.

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ ЖАҢА АДАМДАР

Қазақстанның бірқатар облыстық ауылшаруашылық басқармаларының және Петропавл совхоздар тресінің ұсынуы бойынша Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің бас комитеті быылғы жылы аяу ауының ауыр жағдайларында дәнді дақылдар жыйнауда жоғары көрсеткіштерді жеткен бір топ комбайншыларды 1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар етіп бекітті.

Берселе қатысушылар болып мыналар бекітілді:

Солтүстік Қазақстан облысынан — комбайншылар А. Асадулаев (Баян

МТС-і), Н. Ильяшенко (Сартомар МТС-і), Х. Шварц (Петропавл МТС-і), Ф. Лысенко (Чистов астық совхозы), П. Багинский және А. Рыжик (Киров атындағы астық совхозы), В. Балк (Приешім совхозы).

Ақмола облысынан — комбайншылар Г. Карпенко (Магинка МТС-і), П. Гейдт және К. Гусев (Новосельск МТС-і), В. Ахметдиев (Қорғалжын МТС-і).

Бөксетау облысынан — комбайншылар Е. Блейх (Литовочная МТС-і), А. Шляхов (Старовенск МТС-і), Б. Красевич (Краснополя МТС-і) және А. Бауэр (Келлеров МТС-і).

Т. С. МАЛЬЦЕВТИҢ ӨДІСІН ЕНГІЗУ

ЛИТВИНСКОЕ, (Қарағанды облысы). (ҚазҒАР). Мұнда Т. С. Мальцевтің өдісін өндіріске енгізу мәселелеріне арналы облыстық колхоздары, МТС-тер мен совхоздары агрономдарының кеңесі болып өтті. Кеңеске қатысушылар Литвиновская МТС-нің қамтуындағы колхоздардың егіс далаларын көрді. Мұнда Т. С. Мальцевтің пәкірті және оның системасын қолданушы Иван Радионович Колесов бас агроном болып жұмыс істейді.

Кеңесте «Заветы Ленина» колхозында болған Бүкілодақтық кеңеске қатысушы Б. Андрианова баяндама жасады. Сол сияқты, Мальцев системасының басқа да тәсілдерін қолдану жөнінде тәжірибелер ауысты.

Кеңеске қатысушылар Мальцевтің системасына бағытталған өндірістік тәжірибелердің программасын жасады.

мының моральдық бейнесі туралы» лекциялар оқыды.

Бұл күндері Октябрь ауданының колхоз, совхоздарында және МТС-терінде Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының мүшесі Петренко жолдас «Дін мен құдайға сенудің шығуы» және басқа тақырыптарда лекциялар оқып жүр.

А. ВЕРНИЧЕНКО.

Жаңа совхоздардағы поселкелік Советтер

Булаев ауданының жаңа ұйымдастырылған совхоздарында поселкелік Советтер құрылды. Олар Майбалық, Жарықкөл және Жданов поселкелік Советтері деп аталады.

Аудандық Совет аткомі поселкелік Советтердің председателдерімен, секретарьларымен бір күндік семинар өткізді. Көзір жаңа поселкелік Советтер совхоздардың орталық усадьбасын көркейтуге, онда құрылыстар салу мен шұғылданауда.

Б. МАРАТОВ.

МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚТЫ КӨП БЕРЕЙІК

Коммунистік партия мен Совет үкметі халықтың әл-ауқатын жақсартуға, елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасауға қажымай қамқорлық істеуде.

Коммунистік партия коммунистік құрылысқа басшылық ету жөніндегі барлық жұмысында халықтың мүдделеріне қамқорлық жасауды ең басты нәрсе деп біліп, соған сүйенеді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында және партия мен үкметтің ауыл шаруашылығы жөніндегі кейінгі қарарларында социалистік экономиканың бұл маңызды саласын оған әрі өркендетудің зор программасы белгіленген. Бұл тарихи документтерде ауылшаруашылық өндірісін өркендету жөніндегі барлық сан алуан мәселелердің арасында колхозшы шаруалардың тұрмыс дәрежесін жақсарту, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын және қоғамдық мал шаруашылығын өнімділігін арттыруда колхоздар мен колхозшылардың ынталылығын күшейту мәселелері ерекше орын алады. Осы шаралардың қатарына, ең алдымен, мал шаруашылығы өнімдеріне, астыққа, картошқа, овоштарға және басқа ауылшаруашылық өнімдеріне дайындау және сатып алу бағаларын арттыру шаралары жатады.

Міндетті түрде тапсырылатын ауылшаруашылық өнімдерін гектар бойынша белгілеу принциптерін өрескел бұзушылыққа тыйым салынды, өнім дайындауды жоспарлаудағы елеулі кемшіліктер жойылды. Міндетті түрде тапсыратын ауылшаруашылық өнімдерінің мөлшері кемітілді, енді колхоздар мен колхозшылардың товарлы өнімнің едәуір бөлегін мемлекетке көтеріңкі бағамен сатуға мүмкіндігі бар.

Осы шаралардың бәрінен колхозшылардың ұтатын пайдасы қаншалықты зор екендігін мына цифрлардан-ақ көруге болады.

Мал шаруашылығы өнімдері мен әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарының өнімдерін дайындау және сатып алу бағасын арттыру нәтижесінде, Қазақстанның республиканың ауылшаруашылық артельдеріне мемлекетке тапсырған және мемлекетке сатқан өнімі үшін 1952 жылдан берген 690 миллион сомды артық төледі. Мемлекетке сату есебінен мемлекет қоймаларына құйған астығы үшін ғана Қазақстанның колхоздары 300 миллион сомнан астам ақша алды.

Көптеген шаруашылықтар мол табыс келтірді. Қостанай облысының Таран ауданындағы Молотов атындағы колхоз өткен жылы көтеріңкі бағамен мыңдаған центнер астық өткізді. Ауылшаруашылық артельінің кассасына 1.289 мың сом түсті, ал көршілес Федоров ауданының «Серп и молот» колхозы мемлекетке сатқан астығы үшін 1.416 мың сом алды.

Былғы, мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру нормалары едәуір кемітіліп отырған жағдайда Қазақстан колхоздарының мемлекетке астықты бұрынғыдан да көп сатуға зор мүмкіндіктері бар. Көптеген озат шаруашылықтар бұған мәнделі бола алады. Озаттардың қатарында мемлекетке астық тапсыру жоспарын аяғына дейін орындап, МТС-тің жұмысы үшін заттай ақы төлеп, олармен есеп айырысты, мемлекетке 11 мың центнерден астам астық, оның ішінде 8.790 центнер бидай сатты. Алматы ауданының «Луч Востока» колхозы мемлекетке сату есебіне мемлекеттік қойма-

Мальцевтің өдісі бойынша

Интернационал МТС-нің қамтуындағы Вильям атындағы, Каганович атындағы, Чкалов атындағы және Жданов атындағы колхоздар осы жылғы көктемде бірқатар жаздық бидай егістерін Қорған облысы, Шадринск ауданының «Заветы Ленина» колхозының агрономы Мальцевтің өдісі бойынша еккен болатын. Бұл жерлерге егін бітік өсіп, мол өнім беруде.

Алдағы көктемде Мамлют ауданының барлық колхоздары Мальцевтің өдісін өздерінің егістік далаларында қолданатын болады.

А. МАНАСОВ.

лығы жауап ретінде қосымша тағы да 100 гектар тың және тынайған жерлерді игеруді ұйғарды.

Көзір олар ауа райының қолайсыз жағдайына қарамастан, еселеген қарқынмен еңбек етіп, алған міндеттемелерін аброй-мен жүзеге асыруда.

А. МАНУИЛОВ.

500 еңбеккүн тапты

Ефим Егорович Ротанов қарт 1930 жылдан бері Октябрь ауданы, Сталин атындағы колхозда малшы болып істейді. Содан бері өзіне бекітіліп берілген малдардың бірде-бірін шығынға ұшыратып көрген емес. Ефим Егорович өзінің қажырлы еңбегі үшін талай рет сыйлықтар алды, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталды.

Оның жасы көзір 70-тен асты. Соған қарамастан ол үстіміздегі жылдың өткен 8 айы ішінде 500 еңбеккүн тапты. Бұған аванс ретінде мол астық алды.

О. СЕЙТОВ.

ҮЛГІЛІ БҰЗАУ КҮТУШІ

Өткен жылы Полудень ауданының Киров атындағы колхозының колхозшысы Эмелья Запороцкая жолдас мал фермасында жұмыс істеуге тілек білдірді. Колхоз басқармасы оның тілегін орындап, Запороцкаяны бұзау күтуге жіберді. Ол өзінің қалап алған жұмысын бар ынтасымен көңіл қоя істеп, өзіне бекітіліп берілген 81 бұзауды күйлі өсірді.

Быйылғы жылдың басында оған 25 бұзау бекітіліп берілген-ді. Үлгілі бұзаушы бұл төлдерді де аман өсіріп келеді.

Б. ЖАҚЫПОВ.

СТАНДАРТТЫ МАЛ ҚОРАЛАРЫ

Калинин атындағы колхозда қоғамдық малға жылы, жайлы мал қораларын салу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. 124 бастық сыйыр қорасы, 300 бастық шошқа қорасының құрылыс жұмыстары аяқталып келеді. Сол сияқты, колхоз басқармасы үшін төрт бөлмелі кеңсе үйі салынып жатыр.

тарға бірнеше мың центнер астық құйды. Артель мұның үшін 1.300 мың сом ақша алды. Алматы облысының Іле ауданының Ленин атындағы, «Красный путиловец», «Новый путь» колхоздары мемлекетке көп астық сатты.

Тың жерлер мен тыңайтылған жерлерді игеруші негізгі аудандардың — Қазақстанның Солтүстік-Шығыс облыстары колхоздарының жаңа егіннің астығын сату үшін одан да зор резервтері бар.

1954 жылғы егіннің астығын сатып алуға айырықша маңыз бере отырып, СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы тұтас алғанда аудан және облыс бойынша астық дайындаудың мемлекеттік жоспарының орындалуы — орындалмауына қарамастан мемлекетке астық тапсыру, машина-трактор станцияларының жұмысы үшін заттай ақы төлеу, қарыздарды қайтару жөнінде өз міндеттемелерін орындаған колхоздардан, дайындау ұйымдарының астық сатып алуына рұқсат берді. Осының арқасында, өткен жылдардағыдан өзгеше, озат колхоздар астық дайындау жөніндегі аудандық және облыстық тапсырманың орындалып болуына күтпей, мемлекетке астық сата алады.

Жаңа жерлерді игеру жоспарын орындауда және бұл жерлерден мол өнім алуға колхозшылар мен механизаторлардың материалдық ынталылығын арттыру үшін, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті колхоздарға жаңа жерлерде барлық егіс көлемінің егін шығымдылығы жөнінде белгіленген жоспарды тапсырмадан артық жыйналған өнімнің 30 процентіне дейінгі мөлшерде, жалпы жыйналыстың қаулысы бойынша егіс бригадаларының мүшелеріне және тракторшыларға қосымша ақы ретінде беріп отыруды ұсынды. Мұның үстіне, игерілген тың жер мен тыңайтылған жерден мемлекетке міндетті түрде тапсырылған және мемлекетке сатылған астықтан түскен ақшалай қаржының шамамен 25 проценті колхозшыларға еңбеккүнге аванс ретінде беріледі. Колхоздардың талап етуі бойынша Мемлекеттік банкі шаруашылықтың тың және тыңайған жерлерден алынған ас-

тықты тапсыру және сату есебінен түсірілген қаражатының, шамамен 25 процентін айрықша күнделікті есепке қосып отыруға міндетті. Бұл ақшаны колхоздар еңбеккүнге ғана бөле алады.

Мемлекетке сатылған астық үшін колхоздар өнеркәсіптің алуан түрлі бұйымдарын көп мөлшерде сатып ала алады. Қазақстан тұтынушылар одағының бұл мақсатқа арналған мол қорлары бар. Бұл қорда 600-дей автомобильдер мен автобустар, локомобильдер, 40 мың текшеметр ағаш материалдары, тар табанды жолдарға арналған екі мың тоннадай рельс, мыңдаған аккумуляторлар, сүт құятын ыдыстар, басқа да машиналар мен өнеркәсіп товарлары бар. Бұл товарлар мынадай есеппен беріледі: сатылған астықтың әрбір 100 сомына бөлшек сауда бағасы бойынша 50 сомның товары беріледі, ал жүк автомобильдері мынадай есеппен беріледі: мемлекетке сатылған әрбір 50 тонна астық үшін бір автомашина, астықтың және машинаның құны арасындағы айырмашылық басқа өнеркәсіп товарларымен өтеледі.

Колхоздардың мемлекетке астық сатуына бұрынғыдан да гөрі қолайлы жағдайлар жасау үшін, еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтері атқару комитеттеріне Дайындау министрлігінің аудандағы өкілдерінің ұсынуы бойынша күздік бидай мен бидайды тапсыру жөніндегі мемлекеттік тапсырмаларды орындаған, қарызға алған тұқымдарын қайтарған, заттай ақы жөнінде есеп айырысқан колхоздардан, олардың мемлекетке жаздық бидай, тары, гречиха, жүгері, күрші, бұршақты және малазығындық дақылдарын тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындауынан бұрын, дайындау ұйымдарының күздік бидай мен бидайды сатып алуына рұқсат ету правосы берілді.

Мемлекетке астық сату — қоғамдық шаруашылықтың табыс келтіретін өте ірі статъяларының бірі. Бұл міндеттерді аброймен орындау — маңызды міндет.

А. БОРОДИН,

ССРО Дайындау министрлігінің Қазақ ССР-ндегі өкілі.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Механизаторлардың рухани тілегін елемейді

Стаханов атындағы колхозда Калинин атындағы МТС-тің 3 трактор бригадасы жұмыс істейді. Тракторшылар мен комбайншылардың қажырлы еңбегі техниканы өнімді пайдалану, сөйтіп, егін жыйнау мен зыб жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтау мақсатына бағытталған. Мәселен комбайншы Буяков жолдас «Сталинец-6» комбайнымен еменалық тапсырмасын арқашан артығымен орындап келеді.

Механизаторлардың өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, олардың социалистік жарысын пәрменді ұйымдастыру партия ұйымының айбынды міндеттерінің бірінен саналады. Алайда, МТС партия ұйымы, оның секретары Вишняков жолдас мұны ұмытып отыр. Трактор бригадаларында бұқаралық саяси жұмыс ұйымдастырылмаған. Тракторшылар мен комбайншылар халықаралық жағдай, советтік ғылым мен озат тәжірибенің табыстары, механизаторлардың социалистік жарысының барысы және басқа мәселелер жөнінде баяндамалар мен әңгімелер тыңдағысы келеді. Алайда, олардың рухани тілегін қанағаттандыру ісімен ешкім шұғылданбайды. Бригадалардың вагоншаларынан көрнекі үгітті, жауынгерлік листоктарды іздеп табу қиын.

Тың және тыңайған жерлерді игеруде жұмыс істеп жүрген Мойсеев жолдасының бригадасындағы көрсеткіш тақтасының толтырылмағанына айдан астам уақыт өтті. Мұнда механизаторлар үшін көшпелі кітапхананың болуы, газет, журналдардың жеткізілуі ұйымдастырылмаған. Үгітшілер механизаторлармен әңгіме өткізбегені көп уақыт болды.

Мойсеев жолдасының бригадасында агрегат бастығы агроном Пронин жолдас үнемі болады. Бірақ, ол механизаторлар мен егін орудың және тың жерлерді көтерудің агротехникалық шаралары жөнінде әңгіме өткізуді қажет деп танып келеді. Басқаны айтағанда Пронин жолдас өзінің міндетті жұмысына немқетті қарап, комбайн агрегаттарының жұмысын дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етпейді.

Осы және басқа кемшіліктердің бәрі МТС партия ұйымының секретары Вишняков жолдасқа мәлім. Алайда, оның Стаханов атындағы колхозда жұмыс істейтін трактор бригадаларына келмегені ұзақ уақыт болды. Бастауыш партия ұйымы секретарының бригадаларда сирек болуына механизаторлар қатты қызығалады.

Трактор бригадаларында бұқаралық саяси жұмыстың жеткіліксіз ұйымдастырылуына аудандық ұйымдардан келген кейбір жолдасар да немқұрайды қарайды. Мәселен, жақында трактор бригадасына аудандық партия комитетінің штаттағы насихатшысы Шаған жолдас келді. Тракторшылар мен комбайншылар насихатшы әңгіме өткізіп, немесе лекция оқып, еліміздің жағдайымен толық таныстырады ой деген ойда болды. Бірақ, механизаторлардың бұл орынды талабы

Коммунистер жауапты участоқта

Түс ауа солтүстіктен қара бұлт түнеріп, жауын жауа бастады. Бұл кезде Буденный атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымының секретары Анастасья Михайловна Мельникова № 1 дала бригадасына келе жатқан еді. Ол қырманның жапында астық тиеген 4 автомашинаның сазға батып жүре алмай тұрғанын көрді. Көп ұзамай Анастасья Михайловна қырман басына келіп жетті.

—Машиналар өте алмай тұр, — деді кейіпін пішінмен Мамлют авторотасының шофері Федоров жолдас. —Біз Дубровныйға дейін жетсек болар еді.

—Не істеу керек? — деп сұрады партия ұйымының секретары жанындағы колхозшылар мен механизаторлардан.

—Мен машиналарды «ДТ-54» тракторына тіркеп сүйреуді ұсынамын, — деді тракторшы Николай Клекинов.

—Бұл үшін директордың рұқсаты керек қой, — деп сенімсіз сөйледі трактор бригадасының бригадирі Ликин.

—Мемлекетке астық тапсырудың, немесе директордың рұқсатын күтудің қайсысы маңызды — деп сұрады Мельникова жолдас.

—Әрине, мемлекетке астық тапсыру маңызды. Астық біздің байлығымыз — деген колхозшылардың сөзі біріннен соң бірі естілді.

Бірнеше минуттан кейін «ДТ-54» тракторы сазға батқан машиналарды біртіндеп шығара бастады...

Кешке Мельникова жолдас бригадасында «Партиямыздың елімізде астық өндірісін ұлғайту жөніндегі» саясаты деген тақырыпта әңгіме өткізді. Ол колхоздағы істің жайына толық тоқталып, озат колхозшылар мен механизаторлардың қажырлы еңбектерін айтты. Әңгімеден кейін бригада коллективі қосымша бір жабық астық қырман салу және ауа райының қандай жағдайында болса да алеваторға астықты тоқтаусыз жөнелту жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды.

Сол күні кешке № 2 дала бригадасының бригадирі коммунист Локтинов жолдас та өз бригадасындағы адамдармен әңгіме өткізді. Ол әңгімесінде астық ысырабына жол берілуі жөніндегі фактілерге тоқталды. Әңгіменің соңында Ростов облысынан Солтүстік Қазақстанға келген комбайншы Помян жолдас сөз алды.

—Мен сіздің колхозға жуырда келдім. Соның өзінде колхозшылар тарапынан астық ысырабымен күрес нашар екені бірден байқалды. Кейбір адамдар ауа райының қолайсыздығы астық ысырабын болдырмай қоймайды дегенді айтады. Бұл дұрыс емес, біз мыңдау табиғаттың жетегінде жүре алмаймыз — деді ол.

Комбайншының бұл сөзін колхозшылар қызу қауаттады. Сөйтіп, олар жұмыста болып келген кемшіліктерді анып, астық тазарту және астық ысырабына жол бермеу жөнінде қажетті шаралар белгіледі.

Буденный атындағы колхоздың партия ұйымы үлкен емес. Алайда, ол — ынты-

апық жыйналысында татқыланды. Оған колхоз активтері және қатардағы колхозшылар көптеп қатынасты. Партия жыйналысының қаулысы жүзеге асырылды. Аз уақыттың ішінде бұрынғы астық қырмандары жөнделіп, жаңадан бір астық қырман салынды. Сол сыяқты, бричкалар мен ящиктер күні бұрын әзірленді. Колхоз таразы және басқа да құралдар сатып алды. Егін жыйнау кезінде әрбір колхозшы қайда жұмыс істейтінін күні бұрын білді.

Колхозда егін жыйнау жұмысы ұйымшылдықпен жүргізілуде. Алеваторға күн сайын жүздеген центнер астық тапсырылады. Мұның өзі бастауыш партия ұйымының астық үшн күресті дұрыс ұйымдастыруының нәтижесі.

—Біз кәзір бұқарамен жұмыс істеп, колхозшыларды саяси тәрбиелеуге, социалистік жарысты ұйымдастыруға барынша назар аударып отырамыз, — дейді Мельникова жолдас. Бұл жұмыста село коммунистері саяси жұмыстың барлық түрлерін: әңгімені, дауыстап газет оқуды, қабырға газетін, көрнекі үгітті толық пайдалануда.

Бүкіл бұқаралық саяси жұмыс егіс бригадаларында, астық қырмандарында өткізіледі. Бригада вагоншаларында егіншілерді өнімді еңбекке шақыратын мазмұнды ұрандар, плакаттар ілінген. Трактор бригадасының вагоншасындағы бір ұранда «Егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын аброймен орындайық» деген сөздер жазылған. Озат агрегаттар мен астық тасушыларға, звеноларға Ауыспалы қызыл жалаулар беріледі.

Әрбір трактор бригадасында комбайн агрегаттарының ұйымдастырушылары жұмыс істейді. Сол сыяқты, коммунистер мен комсомолецтерден бақылау постысы тағайындалған. Олар астық ысырабына жол бермеу жөнінде жұмыс жүргізеді.

Колхоздың егіс даласында жұмыс істеп жүрген озат механизаторлар мен колхозшылар аз емес. Мәселен, комбайншы Семьян Бадер жолдас «Сталинец-6» комбайнымен күніне 12 гектардың орнына, 27 гектардан егін орып, жүздеген центнер астық бастырып жүр. Одан комбайншы Максим Гаркуша жолдас та қалыпты емес. Ол өзінің күнделік тапсырмасын үнемі толық және асыра орындауда. Сол сыяқты, колхозшы әйелдер Тимофеева, Коптеева, Локтинова және басқа жолдасар астық тазартуда өздерінің еменалық нормаларын үнемі артығымен орындап келеді. Олар өзіне сайын 80 центнер астық тазартудың орнына, 190 центнер астық тазартады.

—Біздің колхоз, — дейді Мельникова жолдас, — кәзірдің өзінде дайындау пункттеріне мыңдаған центнер астық тапсырылды. Партия ұйымы өзінің күнделік жұмысында егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын үнемі үлгілі ұйымдастыруға бағытталған шаралар белгілеп отырады. Біздің кәзіргі міндетіміз — мем-

Алматының сым жасайтын стандарты

Алматының ауыр машина жасау заводының коллективі сегіз айдың өндірістік программасын асыра орындады. Сым жасайтын стандартдың бірсыпыра жаңа түрлерін өндіру игерілді.

Августа Магнитогорскінің калибрлеу комбинатына сым жасайтын екі «6/350» станы жіберілді, олар болат сымды алты рет созу әдісін жасауға арналған. Бұл күрделі машинадан үш мыңға жуық бөлшектер бар.

Кабель өнеркәсібінің заказы бойынша жуандығы әртүрлі мыс және алюминий сымдарын жасауға арналған машиналардың жаңа түрлері игерілді. Жуықта осындай екі машина Ленинград пен Ждановқа жіберілді. Қытай Халық Республикасы үшін мыс сым жасайтын стан дайындалды.

Алматылық машина жасаушылар сегіз айда сым жасайтын стандарты бүкіл өткен жылғыдан біржарым есе көп жасал шығарды. Бұл өндірістік алаң кеңейтілместен істелді.

Завод металлургия кәсіпорындарының домна цехтарына арнап ондаған қуатты лебедка жасады. Алматы облысының колхоздарына арналып августта жүз астық пульти жасалды

(ҚазТАГ).

Күзгі-қысқы маусымға арналған киімдер

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Семейдің «Большевичка» тігін фабрикасының коллективі күзгі-қысқы маусымға арналған киімдерді жазпай тіге бастады. Әйелдердің жаңа фасонды жүн матадан тігілген көйлектерінің алғашқы тобы дайын киімдер қоймасына тапсырылды. Бұл бұйымдарды тігуге Кобзева мен Емельянов бригадалары ерекше көзге түсті. Олардың шығарған өнімнің барлығы жоғары сапалы болады.

Кәсіпорны ең жақсы маталардан әйел көйлектерін тігуден қатар мектеп жасындағы және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған әртүрлі көптеген киімдер тігіп шығаруда.

Володарский атындағы тігін фабрикасы әртүрлі фасондағы қысқы пальталарды тігуде.

Тың жердегі егінді жыйнау

МАРТОК, (Ақтөбе облысы), (ҚазТАГ). Мартөк ауданының колхоздары осы жылғы кектемде 25 мың гектарға жуық тың және тыңайған жерлер жыртып болатын. Осы жердің едәуіріне қатты бидай мен тары егілген еді.

Кәзір тың жердегі участоқтардан егін жыйналып жатыр. Шевченко МТС-інің комбайншысы Иван Дик Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелинде егін жыйнап жүр. Ол «Сталинец-6» комбайнымен кәзірдің өзінде 500 гектардан аса егін жыйнады. Комбайншы 100 гектардан аса тың жерден 8 мың пұттан аса астық бастырды. Жеке участоқтар әр гектарынан 16 центнерден өнім берді.

Көп балалы аналарды „Ана даңқы“ ордендерімен және „Ана медалі“ медальдарымен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 18 августағы Указына сәйкес ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының атынан мыналар наградталсын:

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

Тоғыз бала тапқан және тәрбиелеп өсірген аналар I дәрежелі «Ана даңқы» орденімен:

1. Винникова Клавдия Егоровна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
2. Пушкарёва Мария Петровна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

Сегіз бала тапқан және тәрбиелеп өсірген аналар II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен:

1. Друшнова Анна Филипповна — Ленин ауданы, Торангүл селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
2. Журавлева Ирина Федосеевна — Булаев ауданы, Возвышен селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
3. Иванова Анисия Федоровна — Октябрь ауданы, Городецк селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
4. Игнатенко Пелагея Степановна — Булаев ауданы, Булаев поселкелік Советі, үй шаруасындағы әйел.
5. Кушалиева Күзінгө — Булаев ауданы, Надеждинск селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
6. Лесин Акинья Лаврентьевна — Ленин ауданы, Ильинка селолық Советі, колхозшы әйел.
7. Принц Розалия Федоровна — Булаев ауданы, Надеждинск селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
8. Рябошапка Матрена Васильевна — Булаев ауданы, Возвышен селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
9. Севостьянова Софья Романовна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
10. Тимко Анна Дмитриевна — Булаев ауданы, Полтавка селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
11. Турунцева Пелагея Ананьевна — Ленин ауданы, Покровка селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
12. Ширшова Акулина Тимофеевна — Ленин ауданы, Молотов атындағы колхоз, колхозшы әйел.

Жеті бала тапқан және тәрбиелеп өсірген аналар III дәрежелі «Ана даңқы» орденімен:

1. Анутриева Пасковья Герасимовна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
2. Гриднева Мария Арсентьевна — Мамлют ауданы, Калинин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
3. Гришунина Нина Петровна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
4. Григорьева Полина Филипповна — Булаев ауданы, Екаторинск селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
5. Дехант Маргарита Федоровна — Ленин ауданы, Торангүл селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
6. Аманжолова Софья Богдановна — Ленин ауданы, Торангүл селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
7. Ануфриева Мария Васильевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
8. Артемьева Екатерина Семеновна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
9. Афанасьева Анна Петровна — Булаев ауданы, Возвышен селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
10. Ахметова Шарғия — Октябрь ауданы, Чапаев атындағы колхоз, колхозшы әйел.
11. Бадер Вера Ивановна — Мамлют ауданы, Ленин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
12. Вагнер Елизавета Яковлевна — Ленин ауданы, Карл Либкнехт атындағы колхоз, колхозшы әйел.
13. Вологодская Антонина Ивановна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
14. Гаврилина Анастасия Петровна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
15. Гейниман Анна Андреевна — Булаев ауданы, Возвышен селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
16. Гихаева Анна Петровна — Булаев ауданы, Возвышен селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
17. Голубовая Александра Лукьяновна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
18. Грабо Клавдия Голтибовна — Мамлют ауданы, Буденный атындағы колхоз, колхозшы әйел.
19. Грузинова Анфиза Саватеевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
20. Есаулова Ламест — Соколов ауданы, Калинин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
21. Журавлева Клавдия Максимовна — Булаев ауданы, Узыпкөл астық совхозы, үй шаруасындағы әйел.
22. Заворухина Ирина Макаровна — Булаев ауданы, Возвышен селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.
23. Зотова Надежда Петровна — Петропавл қаласы, жұмысшы әйел.
24. Калининна Анна Алексеевна — Ленин ауданы, Сталин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
25. Коваленко Анна Сергеевна — Мамлют ауданы, «Намьят Кирова» колхозы, колхозшы әйел.
26. Колесникова Евдокия Матвеевна — Мамлют ауданы, Ленин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
27. Құдайбергенова Бүлсім — Булаев

партия комитетінің бюро мәжілісіне мәселе әзірлей келгенін айтып, тек трактор бригадасының көмегімен бұқаралық-саяси жұмыстың жайы туралы сөйлесті де, кете барды. Насихатшының бригаданда үстірт болуынан не пайда!

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру, тың жерлерді көптеп игеру мақсаты механизаторлар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыруды, олардың социалистік жарысын жаңа міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастыруды талап етеді. МТС партия ұйымы мұны әрқашан есте ұстап, механизаторлар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты үнемі мазмұнды ұйымдастыруға міндетті.

М. БЕКТЕМБАЕВ,
Булаев ауданы.

және күшті жауынгер ұйым. Ұйымдағы барлық коммунистер жұмыстың шешуші учасқолдарына белгіленген. Мәселен, коммунист Попов жолдас астық қырманда күзетші болып істейді. Ал, коммунист Чупрасов жолдас — трактор бригадасының май құюшысы.

Егін жыйнауға әзірлік және оны өткізу жөнінде мәселе партия ұйымының

Партия ұйымы секретарьларының кеңесі

Жақында Октябрь аудандық партия комитеті колхоз, совхоз және МТС баспауыш партия ұйымдары секретарьларының кеңесін өткізді. Онда ҚКП аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі П. Фомичев жолдас аудандық партия ұйымдарының партия оқу жүйе-

лекетке астық тапсыру жұмысын жерінен бұрын аяқтап, мемлекетке мыңдаған пұт астық сату болып отыр. Партия ұйымы бұл мақсатқа жету үшін колхозшы шаруалар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты онан әрі күшейтеді.

М. ИВАНОВ,
Мамлют ауданы.

атындағы, «Свет», «Путь революции» колхоздары мен басқа ауылшаруашылық артельдері тың жерлерде жұрттың ескі жерлерге қарағанда, едәуір мол өнім өсірді.

Мемлекетке сүт сатуда

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Көкпекті ауданының колхоздары сүт тапсыру жөнінен облыста бірінші болып мемлекетпен мерзімінен бұрын толық есеп айырды. 1954 жылға белгіленген тапсырма 102 процент орындалды. Көптеген ауылшаруашылық артельдері сыйырлардан сүтті көп алып, сүтті мемлекетке сату есебіне тапсыруды арттырып отыр. Олар көзінді өзінде мемлекетке 4 мың центнерге жуық сүт сатты.

сіндегі жаңа оқу жылына әзірлігі жөнінде баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында партия оқуында еріктілік принципі жүзеге асыру, насихатшыларды дұрыс іріктеу мәселелеріне тоқталды. Кеңеске 25 адам қатысты.

Партия оқуы жаңа оқу жылында

Коммунистік партия өзінің бүкіл практикалық жұмысында ұлы, жеңілмеіз ілімді — марксизм-ленинизмді басшылыққа алады. Біздің партиямыздың күші ең алдымен мынада: оның саясаты ғылым, қорамның материалдық өмірінің қажеттерін, қоғамның даму заңдарын есепке алу арқылы жасалды. Бұл біздің кадрларымызда, барлық коммунистерден олардан партия саясатының негіздерін терең білуді, марксизм-ленинизм теориясы творчестволықпен меңгеруді, қай қызметте болсын өздерінің жұмыстарын коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін шебер байланыстыруды талап етеді.

Партия насихаты — коммунистік партияның айбынды идеологиялық құралы. Ол партия мен Совет мемлекеті саясатының ғылыми негіздерін ашып, коммунистердің саналылығын арттыруға, оларды біздің ұлы ісіміздің дұрыстығына және жеңілмеіздігіне сендіруге, Совет елінің коммунизме қарай дамуының ұлы перспективаларын көрсетуге тиіс.

СОКП Орталық Комитетінің 1953 жыл 19 сентябрьдегі «Партия оқуының жаңа оқу жылындағы міндеттері туралы» қаулысын орындай отырып, партия ұйымдары партия мүшелері мен кандидаттарының саяси оқуына басшылықты біраз жақсартып, оның мазмұнымен терең шұғылданатын болды. Еріктілік принципін бұрмалауды жою жөнінде жүргізілген шаралар партия оқуына айтарлықтай әсерін тигізді.

Алайда, мұнымен тоқмәйілеуге болмайды. Партия оқуын ұйымдастыруда әлі де елеулі кемшіліктер бар. Ол кемшіліктерді жою үшін коммунистердің саяси оқуына партия басшылығы үнемі жақсартып, партия насихатының сапасын арттырып отыру, оның идеялық мазмұнындағы кемшіліктерді ақырына дейін жою қажет. Біздің насихатымызды өмірмен тығыз байланыстыру, оның бұқараны партия мен Совет мемлекеті саясатын жүзеге асыру жолындағы күреске ұйымдасты-

руда ролін арттыру үшін, теорияны үйренуде дүмшелік, догмалық көзқарасты, марксизм-ленинизмнің жеке қағидаларын бұрмалау мен тұрпайы етудің қандайын болса да жою қажет.

Партия оқуы жүйесінде коммунистерді марксизм-лениндік тәрбиелеу ісіне елеулі нұқсан келтіретін үлкен кемшілік сол — партия тарихын үйренгенде марксизм-ленинизмнің кейбір маңызды мәселелері: пролетариат диктатурасы туралы ілім, шаруа мәселесі, ұлт мәселесі, партияның стратегиясы мен тактикасының негіздері үстірт және жеткіліксіз баяндалып жүр.

Насихатшылардың баспасөздегі және ауызша сөздерінде В. И. Лениннің марксизмді творчестволықпен дамытудағы көрнекті ролін, социализм мен коммунизмді құру туралы, совет мемлекеті және оның негізі — жұмысшылар мен шаруалардың одағы туралы, коммунизм үшін күрестің басты шарты ретінде еңбек өнімділігін үнемі арттырып отырудың қажеттілігі туралы Лениннің қағидалары толық және айқын көрсету қажет. Маркстің — Энгельстің — Лениннің еңбектеріне сүйене отырып, ССРО-да социалистік құрылыстың бай тәжірибелерін және кәзіргі халықаралық азаттық қозғалыстың тәжірибелерін жыйнақтай отырып, И. В. Сталиннің марксизм-лениндік ілімі тарихи жаңа жағдайларға сәйкес қалай творчестволықпен дамытылғаны және бірқатар мәселелерде революциялық теорияны жаңа қағидалармен байытқанын көрсетіп отыру керек.

Марксизм-лениндік теория социализм мен коммунизм құрылысының практикалық міндеттерімен тығыз байланыстыруда онан әрі дамуын тапқан партия съездері мен конференцияларының, СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қарарларын үйренуге көп назар аудару қажет. Бұл документтерде партияның басшылық және бағыт беруші ролі, оның саясатын жүзеге асыруда еңбекшілер бұқарасының

шешуші ролі барынша толық және айқын көрсетілген. Насихатшылардың аса маңызды міндеті — марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы ретінде партия тарихын терең ашу болып табылады.

Көп реттерде партия насихатының жаңа, өмірден, совет халқының шешіп жатқан зор міндеттерінен алшақ жүргізілуіне тәуелді болмайды. Мұндай практикадан үзілді-кесілді бастартып, насихатты партияның нақтылы міндеттеріне барынша жақындатып, еліміздің алдында тұрған кезекті міндеттерді ойдағыдай шешу ісінде оның ролін арттыру қажет. Партия насихатына тек ағартушылық сыпатта болу, сондай-ақ, думанды әуен жат, ол өмірге белсене араласып, партияға қыйыншылықтарды жоюда көмектесуі тиіс.

Жаңа оқу жылында экономикалық білімдер насихатын мықтап жақсарту қажет. Біздің кадрларымыздың, барлық коммунистердің экономикалық теориялық және практикалық мәселелерін үйрену партия мен Совет Үкметінің өнеркәсіп пен ауылшаруашылық саласындағы зор міндеттерін шешу үшін күрестің табысты болуына, халық шаруашылығына басшылықты жақсартуға игілікті әсер етеді. Бұл жөнінде ССРО Ғылым Академиясының экономика институты шығарған, көптен бері қажет болып келе жатқан, саяси, экономика оқулығы көмек көрсетеді.

Мұның бәрі коммунистердің марксизм-лениндік білімдеріне басшылық ету ісінде партия ұйымдарына талапты арттыратыны мәлім. Партия оқуы жүйесінде еріктілік принципін бұзуды, коммунистерді үйірмелер мен мектептерге жатпай «қамтұға» өзін ақтамаған тырысушылықты бірден және еңді қайтым болмайтындай етіп жою қажет.

Сонымен қатар, жеке партия ұйымдарының СОКП Уставының әрбір коммунист өзінің саналылығын арттыру жолында, марксизм-ленинизм негіздерін меңгеру жолында жұмыс істеуге міндетті екенін көрсететін маңызды талабы туралы ұмытып, партия оқуын бетімен жіберуін дұрыс деп санауға болмайды. Партия оқуында еріктілік коммунистерді бұл міндеттерді орындаудан босатпайды, қайта коммунистің ол міндетті қай жолмен

орындауды өзі шешетінін көздейді. Бұдан мынадай қорытынды шығады: партия ұйымдарының партия оқуы үшін, сабақтың идеялық дәрежесін арттыру үшін жауапкершіліктері әлсіремейді, қайта анағұрлым күшейеді. Олардың борышы — коммунистердің саяси білімге деген жаңа ынталықтарын арттыра беру.

Жаңа оқу жылында коммунистердің саяси білімді өздігінен үйренуінің ролі артады. Бұл іс жүзінде партия ұйымдарының марксизм-ленинизмді өздігінен үйренуі коммунистерге көмекті анағұрлым күшейтуге тиістілігін белгілейді. Осыған байланысты партия насихатының маңызды құрамды бөлігі ретінде лекциялық насихат ерекше маңыз алады. Солай бола тұрса да, кейбір партия ұйымдарында бұл маңызды іске қажетті көңіл аударылмай отыр. Партияның қалалық және аудандық комитеттерінің жанындағы лекторийларда СОКП тарихы, саяси экономия, философия, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының экономикасы, халықаралық жағдай жөнінде лекциялар циклы оқуы, сондай-ақ, марксизм-ленинизм мәселелері жөнінде белгілі лекциялар оқуы кеңінен ұйымдастыру қажет. Селолық жерлерде — МТС-терде, колхоздарда және совхоздарда лекциялық насихатты өрістету жөнінде ерекше қамқорлық жасау қажет.

Партия ұйымдарының міндеті — оқылатын лекциялардың сапасын арттыру жөнінде күнбе-күн қамқорлық көрсету. Лекциялар мазмұны жөнінен ғана емес, сонымен қатар, ол баяндалу формасына қарай да қызықты болуға тиіс. Мазмұны жөнінде ең жақсы лекция құрғақ, солғын, шабытсыз оқылса, мақсатқа жетпейді.

Партия насихатының дәрежесі ең алдымен насихатшыларға, олардың теориялық даярлығы мен шеберлігіне байланысты. Насихатшылар кадрларын дұрыс іріктеп алу, оларға үнемі көмек көрсету насихат сапасын жақсартудың шешуші шарты болып табылады. Алайда, фактілер көрсетіп отырғандай, насихатшы кадрларын іріктеп алу және олармен жұмыс жүргізу көптеген партия комитеттерінің жұмысындағы әлсіз буын болып табылады. Көп реттерде насихатшылыққа өзде-

Булаев ауданы, Возвышен селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.

6. **Нарасшашова** Пелагея Ефимовна — Ленин ауданы, Молотов атындағы колхоз, колхозшы әйел.

7. **Леванова** Мария Нифодьевна — Октябрь ауданы, Дмитриев селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.

8. **Орлова** Наталья Никифоровна — Булаев ауданы, Возвышен селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.

9. **Резванова** Зифа Мирғалиқызы — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

10. **Сафронова** Матрена Сергеевна — Мамлют ауданы, Калинин атындағы колхоз, колхозшы әйел.

11. **Урванцева** Нина Ефремовна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

12. **Федоренко** Васена Антоновна —

шаруасындағы әйел.

23. **Магомедова** Елисет — Булаев ауданы, Писаревка селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.

24. **Маювкина** Анна Яковлевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

25. **Макишева** Сафура Рабдуллақызы — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

26. **Матвеева** Федора Прохоровна — Ленин ауданы, Покровка селолық Советі, үй шаруасындағы әйел.

27. **Матвеев** Клавдия Андреевна — Ленин ауданы, Молотов атындағы колхоз, колхозшы әйел.

(Жалғасы бар)

Қой шаруашылығының шеберлері

Қазақ ССР Совхоздар министрлігі Жамбыл облысының Ленин атындағы қой совхозының аға шопаны Бүкілодақтық ауыл шаруашылық жәрмесіне қатысушы — қой шаруашылығының шебері Көшкімбай Батырақовтың жұмыс тәжірибесі туралы плакатты басып шығарды. Атақты қой өсірушінің отарында «совет мериносы» тұқымдас 600-ден аса қой бар. Батырақов быйыл әрбір жүз саулықтан орта есеппен совхоз бойынша алынғанынан 29 қозын артық алды. Әр қойдан қырқылған орташа жүн мөлшері 4,72 килограмм болды.

Қойлардың жоғары өнімділігі — малды күтудің, бағып, азықтандырудың прогрессивті тәсілдерін қолданудың нәтижесі. Батырақов қойларды жаздық мезгілде, қыстық мезгілде Мойнықұмда шебер жайып бағады. Бір-бірінен шөбінің түрі, түсетін ылғалдың мөлшері, ауа райы жағынан өзгеше әртүрлі маусымдық жайылымдықтарда мал нақтылы жағдайға сәйкес бағып күтіледі. Батырақов мұнымен бірге қойлардың жақсы қондырып семіруіне оларды суаруды дұрыс ұйымдастыру, түзбен қосымша азықтандыру, арық қойларды ерекше күту арқылы да жетеді. Жыл сайын оның отарындағы төрт айлық қозының салмағы 32 килограмм болады.

Көзір Қазақстанның совхоздарында қой шаруашылығының шебері деген атақ берілген 72 шопан бар. Олардың көбі Бүкілодақтық ауылшаруашылық жәрмесіне қатысушылар болып табылады. Республиканың, Совхоздар министрлігі ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірлесіп отырып, олардың жұмыс тәжірибесін қорытып, таратуды ұйымдастырды.

(ҚазТАГ).

МЕХАНИЗАТОРЛАРДЫҢ ЖАҢА ОТЯДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Қызылорданың ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесін оқушылардың кезекті бір тобы бітіріп шықты. 100-ден аса адам тракторшылар және комбайншылар курстарын бітірді.

Быйылғы жылы механикаландыру училищелері облыстың МТС-тері мен ММПС-тері үшін 700-ден астам жоғары маман тракторшылар, комбайншылар, механиктер даярлады.

(«Правданың» 12 сентябрьдегі басмақаласы).

Егін жыйнауда әрбір комбайн агрегатының сменалық тапсырманы толық және асыра орындауына жетісейік!

Өнімді еңбек

Өткен жылы комбайн қуатын егін жыйнауға тиімді пайдаланып, жоғары көрсеткішке ие болдым. Бір маусымда Ленин атындағы колхозда 810 гектар егін жыйнап, 8500 центнер астық бастырдым және 190 килограмм жанар май үнемдедім. Бұл еңбегіме 5 мың сом ақша және 198 пұт астық алдым.

Быйыл да егін жыйнауға толық әзірлікпен кірістім. Комбайн сапалы жөнделді. Колхоз басқармасы егін орағы басталғанға дейін агрегатты жұмыс адамдарымен талқылады. Бункерден қырмаға астық тасу үшін екі жүк автомобилін бөлді. Мұның өзі астықты бункерден агрегат жүріп бара жатқанда қотаруға және еңбектің өнімді болуына қолайлы жағдай жасап келеді.

Еңбектің өнімді болуы үшін агрегат мүшелері трактор мен комбайнға техникалық көмекті кезінде жүргізіп келеді. Оларға жанар және жағар майды құюда да техникалық көмек жүргізілген кезде ұйымдастырылады.

Жұмыс уақытын тиімді пайдалану нәтижесінде біз тоғызге 18-20 сағат жұмыс істейміз. Жұмыс кезінде агрегат мүшелері өз міндеттерін ұқыптылықпен атқарып отырады. Комбайнды сүйрейдің трактордың тракторшысы В. Пушкин жолдас әр уақытта машинаның қалтқысыз жұмыс істеуіне жетісіп жүр. Осы сыяқты сабан үшілер де агрегаттың өнімді еңбек етуіне қолайлы жағдай жасап келеді. Осының барлығы бір «Сталин-ең-6» комбайнымен күн сайын 20-25 гектардан, кей күндері 30 гектарға дейін егін орылуына мүмкіндік жасап отыр.

Агрегат мүшелері астық өндірісін шұғыл өркендету күресіне өз үлестерін қосу мақсатымен 800 гектар егін жыйнап, 9 мың центнер астық бастыруға міндеттеніп, МТС комбайншыларын социалистік жарысқа шақырған болатын. Біз жақын арада алған міндеттемізді аброймен орындап шығып, социалистік жарыстың алдыңғы сапында боламыз. Сөйтіп, егінді қысқа мерзімде жыйнап алуда Ленин атындағы колхоздың колхозшыларына нақтылы ісімізбен көмек көрсетеміз.

Н. ТАНКЕВ,

Торанғұл МТС-нің орденді комбайншысы.

ЗОР БЕЛСЕНДІЛІК

Октябрь ауданы Қызылту жетіжылдық мектебінің оқушылары жағғы қаникул кезінде колхоздың аяқ шабу және пішен дайындау жұмыстарына көп көмек көрсеткен болатын. Олардың ішінде Өмірбай Өсіпов, Есілбай Елемесов, Талғат Досатаев сыяқты оқушылар үлгілі түрде еңбек етіп, әрқайсысы 150 — 190 еңбеккүн тапты.

Жоғарғы класс оқушылары колхозға

Жалпылама басшылық, жалаң сөздің салдары

Конюхов ауданында астық үшін күрес жок

Аудан колхоздарының астық үшін күрестің шешуші мезгілі—егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына кіріскелі айдан астам уақыт өтті. Демек, аудан басшыларының түрлі мәжілістер мен жыйналыстарда астық үшін күресті ұйымдастыру жөнінде қайра-қайра сөйлеген сөздерін нақтылы іс-тін жайымен тексеретін уақыт жетті.

Көптеген колхоздар мен МТС-тердегі істің жайы нашар. 11 сентябрьге дейін ауданда егін жыйнау жоспары небары 37,7 -ақ процент орындалды, мұның үстіне көп жерлерде бастырылған астық мемлекетке тапсырылмай жауын-шашынға тиіп, бұйында.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары қарқынының төзгісіз баяу болуының себебін аудан басшылары сырттан іздеп, бөгде себептерді бетке ұстамақ болады. Олардың айтағыны: —Қайтейік, барлық жұмысқа кедергі болып тұрған жауын.

Бұған нануға бола ма? Әрине, болмайды. Аудан басшыларының жалаң сөздері мен дәрменсіз істерін озат механизаторлардың өнегелі еңбектері жоққа шығарады. Мәселен, Чистян МТС-нің «Жаңа тұрмыс» колхозында жұмыс істейтін комбайншысы Евсеев жолдас «Сталин-ең-6» комбайнымен ауа райының қандай жағдайында болсын күн сайын 20-25 гектардан егін орып, колхозшы шаруалардың зор құрметіне бөленуде. Ауданда науқан басынан бері 400-450 гектардан егін оған комбайншылар көптеп саналады. Егер озаттардың жұмыс тәжірибелері жалпының игілігіне айналдырылса, көптеген колхоздарда егін жыйнау жұмыстары қысқа мерзімде аяқталған болар еді.

Әңгіме егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында техниканы тиімді пайдалану, өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін насихаттау, басшы кадрлардың іске жауапкершілігін арттыруды ұйымдастыру және саяси жұмыстардың жүргізілуі жөнінде болып отыр.

Егін жыйнау қарқынының нашар болуы—комбайндардың жұмысқа өнімсіз пайдаланылып келе жатқандығы. Колхоз, МТС басшылары комбайн агрегаттарының тоқтаусыз жұмыс істеуіне әлі де болса жағдай жасамай келеді. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық.

Куйбышев атындағы колхоз (председателі Стаценко жолдас) Чистян МТС-індегі ең ірі шаруашылықтың бірі МТС бұл колхозға 14 комбайн бөлген. Мұнда әрбір комбайнға орта есеппен 250 гектардан гана егін келеді. Ал, егін орағы басталғалы бір айдай мерзім өтсе де әрбір комбайнмен небары 80 гектардан гана егін орылды. Мұның өзі көп комбайнша-

на, бригада басында төрт-бес минут болды да, кезекті колхозға жүріп кетті. МТС басшысының мұндай келіп кетуінен не пайда?

Колхоз бастырылған астықты күнбе-күн тазартып, үлере алмайтын болған-дықтан колхоз председателі Стаценко жолдас 7 сентябрьде колхоздағы барлық комбайндарды әдейі тоқтатып қойған. Егер бұл комбайндар жұмысқа қатысқан болса, онда кемінде 200 гектар егін жыйналған болар еді. Ал, аудандық партия комитетінің секретары Макаров, аудандық Совет атқамінінің председателі Филиппенко жолдас-тар Стаценко сыяқты керенау басшының зиянкестік ісіне қатаң шара қолдану орнына, оған ымыраншылық жасап келеді.

Егін жыйнау қарқыны «Жаңа тұрмыс» колхозында да нашар. Мұнда егін орағы басталғалы МТС-тің төрт комбайны жұмыс істеп жүр. Бірақ, комбайндардың еңбек өнімділігі төмен. Колхоз председателі Шеріпов жолдас егін жыйнау қарқынының нашарлығын ауа райының қолайсыздығынан деп түсіндіргісі келеді. Бұл дұрыс емес. Осы колхоздағы комбайншы Евсеев жолдас-тың бір «Сталин-ең-6» комбайнымен 400 гектардан астам егін жыйнағаны оның дәлелін жоққа шығарады. Жағдай Суворов МТС-інде де осындай. Мұнда да комбайндардың біразы техникалық жарамсыздықтан егін жыйнауға қатыспайды. Осындай елеулі кемшіліктердің орын алуы себепті соңғы бескүндікте ауданда небары 3882 гектар гана егін орылды. Бұл орта есеппен әрбір комбайнмен бес күнде 26 гектар гана егін орылды деген сөз.

Көзір колхоздардың қайсысында болсын астық ысырабы бар. «Жаңа тұрмыс», Куйбышев атындағы, «Большевик» және басқа колхоздарда сабақта тұрған егіннің дәні құйылып түсеуде. Кейбір учас-токтерде егіннің әрбір гектарынан үш-төрт центнерден астық ысырап болған. Уақыт өткен сайын астық ысырабы молая түсеуде. Мұның өзі жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары басшыларынан егін жыйнауды күн-түні бірдей қарқынды жүргізуді талап етеді. Бірақ, олар әлі де болса бұл іске жете назар аудармай келеді. Тіпті МТС басшылары бірқатар комбайндарды егін оруға емес, астық тазалауға пайдаланған. Ауданда оннан астам комбайн астық тазалауға жұмыс істейді.

Мемлекетке астық тапсыру ісінің барысы төзгісіз баяу. Ауданда бірде-бір рет астық дайындаудың бескүндік тапсыр-масы орындалған емес. Күннің ашық болуына қарамастан соңғы бескүндікте тапсыр-ма небары 35 процент гана орындалды.

ке айналдырған. Макаров жолдас Суворов атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоз-дарда өткен бескүндікте бес күн болып, егін жыйнау мен мемлекетке астық тап-сыру жұмыстарының жайына ешқандай өзгеріс жасай алмады. Соңғы бескүндікте ауа райының қолайлы жағдайына қара-мастан МТС бойынша әрбір комбайнмен небары 24 гектар гана егін орылды. Ма-каров жолдас-тың колхоздарда күн сайын болып, «жұмыс қарқынын күшейтідер» деген жалпылама нұсқау беруден тынып, көпше аудан орталығына дереу оралуы-ның салдары міне осындай.

Аудандық партия комитеті мен аудан-дық атқару комитетінің мәжілістерінде егін жыйнау және астық дайындау жұмыс-тарының барысы туралы бірнеше рет мә-селе талқыланды. Бірақ не пайда, қабыл-данған қарарлар ұйымдастыру жұмысы-мен нығайтпайды. Бір мысал:

Жақында аудандық партия комитеті егін жыйнау және мемлекетке астық тап-сыру жұмыстарын ойсыраған оқшылдыққа ұшыратқаны үшін «Искра» колхозының председателі Самохинді қызметтен боса-тып, партиядан шығарды. Осылай бол-ғандықтан аудандық партия комитеті «Искра» колхозында ұйымдастыру шара-ларын жүзеге асырып, жұмыстың жайын шұғыл жақсартуға тиіс еді. Бірақ, ама-ла не, аудандық партия комитеті, оның сек-ретары Макаров жолдас қаулы қабылдау-мен гана тынып, мұны ескермеді. Колхоз иесіздікке ұшырап, 6,7,8 сентябрь күндері тіпті астық тапсыруға қатыспады да.

Механизаторлар мен колхозшы шаруа-лар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс шаруашылық міндеттерді ойдағыдай ше-луудің кепілі екені мәлім. Алайда, Коню-хов ауданындағылар бұл қағидамен сана-спайды. Егіншілер арасындағы бұқаралық саяси жұмыстың бетімен жіберілуін тек осымен түсіндіруге болады. Біз «Пролет-арское знамя», Ленин атындағы, Куй-бышев атындағы және басқа бірнеше кол-хоздардың егіс бригадалары мен трактор отрядтарында болғанымызда колхозшылар мен механизаторлар арасында дауыстап газет оқып, немесе әңгімелер өткізіп жүр-ген үгітшілерді, жауынгерлік листоктар-ды кездестіре алмадық.

Аудан колхоздарының астық үшін кү-ресіне облыстық ұйымдар қажетті көмек көрсетуге тиіс. Солай бола тұрса да, об-лыстық ауылшаруашылық басқармасы, оның бастығы Коробов жолдас көзір, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының тағдыры шешіліп жатқан кезде жұмыстың кеңесшілік-бюрократтық әдісіне салынып аудан колхоздарының өмірінен қол үзген. Басқарма басшылары-ның бірте-бірте егін жыйнау жұмысы-

Қазақ ССР прокуратурасында

Қазақ ССР-ның прокуратура органдары республиканың колхоздары мен совхозда-рында бастырылған астықтың өлшеңбей-тіндігі, далада және колхоздардың қыр-мандарында ешқандай күзетсіз қалатын-дығы жөнінде бірқатар фактілерді анық-тады. Мұны пайдаланып, кейбір қылмыс-ты элементтер астық ұрлаған.

Алматы ауданының «Красный трудо-вой» колхозында тракторшы Тельцов, са-бан шөмелеуші Караев және шофер Чут-ков астықтың күзетсіз қалғанын пайда-ланып, даладан 825 килограмм сұлы ұр-лаған. Ұрылар тұтқынға алынды. Олар-дың ісі сотқа берілді.

Алматы облысы, Іле ауданының Моло-тов атындағы колхозының күзетшісі Ко-хардиев комбайнның бункерінен 31 кило-грамм бидай ұрлаған. Іле аудандық халық соты «Мемлекеттік және қоғамдық мен-шікті ұрлағандарды жауапқа тарту ту-ралы» 1947 жылғы 4 июньдегі ССРО Жо-

ғарғы Советі Президиумы Указының 3-статьясы бойынша Кохардиевті 5 жылға еркінен айыруға үкім етті.

Шофер Гайдуков «Заготживсерьенін» койма меңгерушісі Михайловпен келісе оты-рып, Қастек овощ совхозының қырмачы-нан 310 килограмм бидай ұрлаған. Гай-дуков пен Михайлов тұтқынға алынып, жауапқа тартылды. Республика прокурату-ры Набатов жолдас барлық облыстық прокурорларға мемлекет пен колхоз асты-ғының ұрлануына, егін орағы кезінде олар-дың бұлінуді мен жоғалуына қарсы күр-ресті күшейтіп, астық ұрлағандардың ісін тергеу органдары мен соттарда тез қа-рауды қамтамасыз ету жөнінде нұсқау берді.

Мұнымен бірге, республика прокурату-ры колхоздар мен совхоздардың астықты сақ-тауға немқетті қараған жауапқа қызмет-тегі кінәлі адамдарын жауапқа тартуды ұсынды.

Көтеріңкі міндеттеме — игілікті нәтиже

Петропавл ет комбинатына қарасты консерв жасау заводы (директоры Аноф-риев жолдас) еңбек процестерін жетілді-ру, өнімді өзіндік құнын кеміту, сөйтіп, белгіленген жоспарды аброймен орындау жолындағы күресте елеулі табыстарға жетіп келеді.

Завод өнім шағарудың сегіз айлық жоспарын 119,5 процент етіп асыра орындаса, оның ішінде, әсіресе, август айындағы көрсеткіші ерекше көзге тү-серліктей. Бұл айда берілген жоспар 186 процент орындалып, еңбек өнімділігі 106,2 процентке дейін жоғарлатылды.

Мұнда жоспарды мерзімде асыра орындау, шикізат қорын үнемдеумен ұштастырыла жүргізілуде. 1954 жылдың жеті айы ішінде 12 мың килограмм шикізат үнемдесе, тек август айының ішін-де гана тағы да жеті мың килограмм шикізат үнемделді. Үнемделген шикізат есебінен қосымша 40 мың банка консерв өндірілді.

Міне, осындай қажырлы еңбекпен қол жеткен үздік табысы үшін завод коллек-тиві август айында комбинаттың Ауыс-палы қызыл туын жеңіп алды. Мұндай құрметті табысқа завод цехтарының бар-лығы да үлестес. Қай цехта болса да есе-ленген жігермен орындалған жұмыстың игілі жемісін көресіз. Мұндағы төрт цех-тың төртеуі де сменалық және айлық жоспарды үнемі асыра орындайтын озат цехтар. Мысалға консерв банкаларын жасайтын цехты (бастығы Фуге жолдас) алайық. Бұл цехтың жыл басынан бергі үздік табысын былай қойғанда, өткен август айының ішіндегі көрсеткішінің өзі-ақ сүйсінерліктей. Бұл айда жоспар-дың орындалуы 186 процентке, ал, еңбек өнімділігі 135,6 процентке жеткен. Ал, литографиялық цехтың мұнан да жақсы нәтижеге жеткенін көреміз. Литография-лық цехта істейтін жұмысшылар өнім шығарудың жоспарын 206 процент орын-

детен шаралары жүзеге асырылған. Соң-ғы уақыттарға дейін мұнда жұмыстың күрделі салалары гана механикаланды-рылғанымен, оның жеңіл-желпі түрлері, көбінесе, қолмен, адам күші арқылы атқарылатын еді. Бұл көп уақыт бойына жұмысқа бөлеу болып келген болатын. Мұндай тиімсіз жағдайдан құтылу үшін завод коллективі жұмысты түгелдей ме-ханика күшімен атқарудың жолдарын қарастырды.

Бұрын сүйектен сылынып, бөлек алын-ған етті пісіретін бункерге салу үшін әуелі үлкен ыдыстарға салынып, екі адам қолдасып тасушы еді. Ол уақытты көп керек етумен бірге, өнімсіз де болатын. Осы жұмыс механикалы жолға көшіріліп, көзір конвейердің күшімен орындалатын болды. Сол сыяқты, ішіне тағамдар сал-ынған консервтердің бетін жабу үшін тиісті бөлме конвейер арқылы берілетін. Мұның қыйындығы сол—ол қадағалап отыруды және дәлдікті керек ететін. Екі банканы қатар қоюға келмейтін, егер екі банка қатар түсіп кеткендей болса, онда конвейер шынжырларының үзілуіне әке-ліп соғатын. Көзір олай емес, өйткені, конвейер алынып тасталынып, оның жұ-мысы шпек арқылы атқарылады.

Цехтар бір бірімен өзара социалистік жарысқа түсіп, көтеріңкі міндеттемелер алған. Жарыстың қорытындысы ай сайын шығарылып, әрбір цех бойынша көрсет-кіш тақтаға жазылады.

Қаңлытқыр-банк жасау цехының кол-лективі Ұлы Октябрь Социалистік рево-люциясының 37 жылдығы құрметіне он айлық жоспарды 110 процент, ал, өнім шығаруды 126 процентке орында-ға, жұмыста 0,2 проценттен артық ақау жібермеуге, шикізат үнемдеуді 6,5 про-центке жеткізуге, ал жылдық жоспарды 20 декабрьге дейін орындап шығуға мін-деттенген, сол сыяқты, орау цехының жұмысшылары да он айлық жоспарын

кээр де көп көмөк көрсөтүдө. Олар окутушлар К. Сүлөймөнов К. Сейткуллов, М. Гумарова жолдастардын баскаруу менен жеке-жеке бригадаларга бөлүнүп, астык тазалауда, машиналарга астык артуда жұмыс истен жүр. Ал, бирқатары комбайннан кырманга астык тасыды. Окуштылар кажырлы еңбек етп, көмөк көрсөтүү нәтижесинде колхоздың астык дайындау үшүн күресине елеулі үлөс қосуда. Мөселен, күннің жауынды болуына қарамасдан олар бір күннің ішінде 200 центнер астық тазартты, 60 центнер бидайдың тұқымын тазартты. Сол күні дайындау пунктіне 160 центнер астық жөнелті. Окуштылар көмөктесіп жүрген «Заря коммунизма» колхозының № 2 дала бригадасы сентябрь айының алғашқы күндерінде ақ мемлекетке 3 мың центнерден астам астық тапсырды.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

дың жұмысқа тиімді пайдаланылмайтындығын дәлелдейді.

Мұнда техникалық жарамсыздықтан да көптеген комбайндар қарап тұрады. Осы себептен № 57 өздігінен жүретін комбайнның жұмысқа қатыспағандығына бір апта уақыт өтті. Комбайнның диномосын комбайншы Ушаков жолдас МТС мастерскойына екі күнде бес рет апарып жөндеткен. Жөндей әкелген соң 2-3 сағаттан кейін динамо қайырадан сынған. Мұның себебін ашу мәселесімен МТС мамандары шұғылданған емес. Колхозда комбайн сүйрейдін трактордың болмағандығынан 9 сентябрьде 3 «Сталинец-6» комбайны күні бойы жұмысқа қатысқан жоқ. Бұл күні колхозда МТС-тің бас агрономы Чинаков жолдас болды. Бірақ, Чинаков жолдас механизаторлармен әңгімелесіп, істегі орын алған кемшіліктерді жою жөнінде оларға жедел көмек көрсету орны-

да, колхоздардың қырманна мыңдаған центнер астық жатыр. Мөселен астықтың уақытылы тазартылауында, кештірілмеуінде және дайындау пункттеріне кезінде жөнелтілмеуінде болып отыр.

Біз жоғарыда ауданның көптеген колхоздарында егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының қарқыны төзгісіз баяу екенін және астық ысырабына жол беріліп отырғанын баяндадық. Бұған колхоз председателдері мен МТС директорлары ғана емес, еңалдымен аудан басшыларының үлкен кінәлі екенін атап айтқан жоқ. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің басшы қызметкерлері, атап айтқанда, Макаров, Қаскеев, Филиппенко жолдастардың өздері басшылықтың үстерттік, төрешілік сыяқты жарамсыз әдісінің шырмауынан шыға алмай жүр. Олар күн сайын бірнеше колхоздарда болғанмен істің жайымен терең таныспай, жалпылама нұсқау беруді әдет-

басталғалы ауданда болмай, барлық жұмысты бұйрық жазу, телеграммалар берумен тындырып келеді. 10 сентябрь күні Чистяк МТС-нің директоры Галай жолдасын атына облыстық басқармадан 20-дан астам түрлі қатынастар мен бұйрықтар келді. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшылары жұмыстың бұл сыяқты жарамсыз әдісін қашан жояды? Егін жыйнау маусымды жұмыс, астық тапсыру—мемлекет алдындағы бірінші парыз. Ол жұмыстағы сапалық пен жауапсыздықты көтермейді. Сондықтан ауданның партия, совет ұйымдарының колхоздар мен МТС-тердің басшылары жұмыста орын алған кемшіліктерді дереу жойып, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсырудың жайын шұғыл жақсартуға міндетті.

Т. КӘДІРОВ,

ҚАРАҚОҒА. (Арнаулы тілшіміз).

дан, еңбектің өнімділігін 110 процентке жеткізген.

Заводта үнемделген шикізаттардан түскен пайданы қоспағанда, өнімнің сапасын арттыру арқылы да мемлекетке мыңдаған сом пайда келтірілді. Мысалы, консервтің сыртқы сауытын жасайтын машинада істейтін бригада мүшелері (бригадирі Колобухов жолдас) өнімнің сапасын жақсартып, ақауды кеміту нәтижесінде жыл басынан бері 2700 сомдай қосымша пайда келтірсе, В. Молоткова жолдас басқарған бригада 6430 сом мөлшерінде пайда келтіруге жетісті.

Бұл сыяқты, табыстарға завод коллективінің өндіреті дұрыс ұйымдастыра біліп, еңбек тәртібін қатаң сақтау, технологиялық процестерді жетілдіріп, еңбек өнімділігін арттыру жолындағы қажырлы күрес арқылы ғана жетіп отырғандығы мәлім. Мұнда еңбек процестерін жеңілдетіп, оның өнімділігін арттырудың көп-

110 процент, ал өнім шығаруды 150 процент орындаумен бірге «мінез сапа мен жоғары еңбек өнімділігінің бригадасы» деген құрметті атаққа ие болуға міндеттеме алған.

Міне, цехтар бойынша алынған осы міндеттемелерді еске ала, қолда бар күші-мүмкіншіліктерді есептей отырып, қолдан міндеттемелер қабылдады. Онда завод бойынша жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, жоғары сапалы өнімдер шығару және жұмыста ақау жібермеу сыяқты пункттер көрсетілген.

Завод коллективінің бұл міндеттемені абыроймен орындап шыға алатынына еш күмән жоқ. Оған олардың сентябрь айының алғашқы он күндігінде еткен қажырлы еңбектерінің игілікті нәтижесі куә бола алады. Он күн ішінде заводта айлық жоспар 50 процент орындалды.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

ЖАҢА СОВХОЗДАРДА

3. МАРИЯ ИВАНОВНА ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫ

Күн мауырап жылынған. Жел жоқ, аспан ашық. Бірі мен бірі тіркескен шөк-шөк орман көк жалырақ тамылып, осы өлкенің сұлу кескініндей толықсыды. Айналасы сыңсыған қайың, терек төрайымен қоршалған үлкен алқап—тұсқан жерді тракторлар жұрттып жүр. Терең жұрттылып, жалпақ қонарылған шым біріннің етегіне бірі жақын құлап, күн сәулесінде қара мақпаздай құлпырып көрінеді. Қанаттарын бірде жазып, бірде қысыңқырап биікке көтерілген бозша торғайлардың алуан дауысты әндері мен бір қалыппен жер жұрттып келе жатқан трактор моторының гүрілі құлаққа сүйкімділікпен естіледі.

Үстіне шұғадан тіккен жылы, шолақ пальто киіп, басына қоңыр ала шәлі тартқан ақ сары көкесе әйел төңірекке қызыға қарап келеді.

Қуанышы мен үмітіне, арманы мен болашағына айналған ойы өзін толқытып, соны жүзеге асыруға мықтап бекінген адамдай, әйелдің ақ сары жүзі нұрланып, көздерінен қуанышты тілектің оты жарырайды.

Машина Чапаев атындағы артельдің жерін басып, үйлер шатыры мен жел күші арқылы су тартатын құдық құлағы көрінген Стеной совхозына беттеп келеді. Стеной совхозының фермаларынан өткеннен кейін машина қырқаға көтеріліп шығып еді, көл жағасында қатар-қатар тігілген ақ шатырлар көрінді. Тасылған құрамалы үйлердің есік, терезелері, шатырлары мен қабырғалары, жүйдірілген кірпіш, үйлер тарапына төселетін тас шоқайтылып-шоқайтылып әр жерге үйілген.

—Татьяна Павловна, —деді ақ сары әйел, басына селдір көз, әдемі жүн шәлі тартқан, қыр мұрын, көздері көк, өңі жұқа ақ құба әйелге қарап: —Бұл қай совхоз болды екен? Тимирязев атындағы совхоз емес шығар?

—Мария Ивановна, мен де сіздей бұл

Жәнібек МҰЗАПАРОВ

өлкеге жаңа кісімін. Күйеуімнің жазған хаты бойынша, бұл Интернационал совхозы болуға тиіс. Ал, Тимирязев совхозы бұдан жыйырма-жыйырма бес километрдей қашықтықта болуы керек еді, —деді басына селдір көз, әдемі ақ жүн шәлі тартқан Татьяна Павловна.

Татьяна Павловна мұғалима, күйеуі Григорий Романович Шестаков инженер-механик болып істеген еді. Ол тілек білдіріп, жаңа совхозға ауысты. Мұнда оны автомашиналар гаражының меңгерушісі етіп тағайындады.

—Мамандығым бойынша —мен мұғалимамын. Бірақ, күзге дейін мектепте сабақ басталғашы, бір мезгіл совхозға істеп, қолым боста өзімізге үй салып алу үшін күйеуіме көмектесемісімін, —деді Татьяна Павловна.

Шолақ пальто киген әйелдің көзі алда, ойы алыста келеді. Үнемі ойланып келе жатқандай, сұраған сұраққа ғана жауап береді.

—Сіздің мамандығыңыз қандай?

—Мамандығым ба? Мамандығым әртүрлі, Татьяна Павловна. Құрылысқа керексіз десе, тасын және бесінші алаңның шұқартушысы болып істей аламын. Балалар яслиін меңгеріп, бөбектер тәрбиелен те көрдім. —деді Мария Ивановна машина жүрісін бақылап, жолдың екі бетінде, әріректе тың көтеріп жүрген тракторларға кез жіберіп.

—Семьяңыз... балаларыңыз кейінде, Краснодар өлкесінде қалған шығар? —деді Татьяна.

—Семьяны сұрайсыз ба? Біздің семьямыз—ұлым мен өзім. Ұлым ер жеткен, үлкен кісі. Оныңдықты бітірісімен әскери қызметке алынған еді. Кәзір Совет Армиясының қатарында міндетті қызметін өтеп жүр. Хат жазысы тұрамыз. Күйеуім майданда... Отан үшін оққа ұшқан. Иван Никитович Шахворостов саяси қызметкер еді. Соғысқа дейін Краснодар өлкесіндегі шошқа өсіретін бір совхозда партия ұйымының секретары

болып істеді. Жақсы да соғысыпты, жақсы да өліпті. Ол қызмет істеген әскери бөлім маған жазған хатында күйеуіміз Иван Никитович Шахворостовтай офицердің әскери бөлімімізде болғанын мақтанып етеміз. Ол неміс басқыншыларына қарсы күресте батырлық өліммен қаза тапты. Оны, Мария Ивановна, біздің бөлімнің командирлері және жауынгерлерімен бірге сіз де өмір бойы мақтанып етін жүріңіз. Ұлыңыз Михаил Шахворостовты өзіңіздей кішіпейіл, тәртіпті, батыр етіп тәрбиелейді деп сіз бен мектепке біз сенеміз, депті.

Адам ыза-көк пен өшпенділікке де, қайғы мен қуанысқа да үлкен төзімділік көрсетуге тиіс. Өзіңді оларға жеңдіріп алмай, өзін оларды өз ақылыңа жеңдіртуің керек дейтін еді күйеуім, —деп біраз үндемей отырды да:

—Совхозға жетуге мен де асығып келемін. Барлық құрылысшылармен бірге, алғашқы үйдің орнын қазып, тағанына солармен бірге тас төсеуге ынталымын, —деді Мария Ивановна сұрланған өңі қытадан нұрланып.

Мария Ивановна әйелдер палатқасына орналасты да құрылыс жұмысының жақын сұрастырды. Тимирязев совхозына онбес тұрғын үй бөлініп, олар Мамлют станциясынан тасылып әкелінін жатқандығын білді.

Асхана жұқа тақтайдан істелген. Екі қабырғаға үлкен-үлкен биік төрт етол қойылып, беттері әдемі ала-шұбар дастарқанмен жауынты. Қабырғаның өң бойына жететін ұзын тақтайлардың ортасы мен екі басына ағаш кесінділерін шегелеп бекітіпті. Кісі отыратын ескемейка боған. Тақтай беті жонылып тегістелген, едені жер.

Тақтайдан жасалған асхана үйінің екінші бөлегінде ас-қазан. Жол-жөнекей алып жүретін қазанның қақпағы аралынан қайнаған борштың буы бүркырайды. Қол басындай балықтарды темір табақтарға салып, майға қуырып қойған.

—Жаңа қоныстанып, жаңа жерлерді енді игеріп жатқан адамдардың асханасы алғашқы кезде осылай болғаны ғой, —

деп, Мария бір нәрсеге қуанышын жымыйып білдіреді.

Нан пісіретін орынды метр жарымдай тереңдікте қазып, нан пісіретін пештің таба салатын аузын қақдырыпты да өзге денесін балшықпен жөміп тастапты, Қазылаған жердің екінші жартысына ағаш қадалар қағып, үстінен ақ брезентпен шатырлап жауып қойған. Пісірілген бұлқалар мен шойын табаларға салынған шикінен қамырларын жарыстыра қатарлап, күркенің ішіне енгізіпті.

—Өуелі мыңдаған гектар тың көтеріп, ондаған үйлер тұрғызайық та. Содан кейін, мүмкін, көршілес бірнеше совхоз адамдарын қамтамасыз ететін нан комбинатын да салармыз, —деп ойлады Мария Ивановна.

Мария Ивановна совхоздың құрылыс жұмысына бірден белсене араласты. Үй орындарын қазысты. Айнала қазылып орланған тереңдігі жарты метр үй орындарына тас төгіп, толтырды, үйлер құрастырды. Шұқартушылармен, тез сылануға тиіс үйлер саны көбейе бастағандықтан совхоз дирекциясы жас қыздардан шұқартушы-сылаушылар бригадасын ұйымдастырып, оған Мария Ивановнаны бригадир етіп белгіледі.

Коммунистің жесірі, солдаттың аясы жаман істемесе тиіс. Оның үстіне шұқартуға мен үй сылау —мамандығым ғой, —деп ойлады Мария Ивановна палатқаға келіп, төсегіне жатарда. Түнгі онбірде ұйықтаған Мария Ивановна сағат үште бір, таңертеңгі сағат алты жарымда екінші рет оянды. Тұрып киінді, тысқа шықты. Күн көзі ұясынан шығып, алғындай қызыл шапақ нұрымен әлемді жарқыратып келеді екен.

Мария Ивановна шашын желжесіне түйіп, білектерін жалаңаштап, салқын сумен аузын шайды да сабындап бетін жуды. Мария Ивановна алжапқыш қалталарын шегеге толтырып, әйнектері орна-тылып, төбе шатыры ақ шифермен жабылған үй қабырғасына жұқа тақтайдан жонылған шыбықтарды кереге көздендіріп, айқыш-ұйқыш шегелеуге кірісті. Одан кейін бригада мүшелері —қыздар келіп қосылды.

Күн көзі көтерілді. Жас қыздардың ішінен басына ақ орамал тартып, қа-йырма жағалы тоқыма көк көйлек киген

денесі тығыршықтай таңқы танау Зоя Большакованың қиймылы жылап. Екі көзі мен екі қолы шегелейтін айқыш-ұйқыш ұстасқан тақтай шыбықта. Кеше танысқан Зояның комсомолға екенін және мұнан бұрын телефонистка болып істегенін білген. Екі қолын созыңқырап, екі терезе арасына айқыш-ұйқыш салынған тақтай шыбықтарын шегемен бекітіп жатқан қыздың ту сыртына көзін қадал, оның балға ұстаған қолының ептілігіне сүйсінгендей.

—Қызым, сен телефон арқылы кісілерді сөйлестіруге ғана білмей, әке-шешеге көмектесе де білгенсің ғой, тегі, —деп ойлады. Өзі екінші қабырғаны шұқартушылар бітірді де, үшінші қабырғаны шұқартушылар жүрген екі қызға келді. Бірі Лидия Забиякина—үстіне комбинзон киген, екіншісі—Зинаида Кузьмина қоңыр ала шыт көйлек киіп, басын қызыл орамалмен тартып алған.

Раиса Макарова мен Галина Гусева қазылған шұқартушы балшыққа су құйып, жалаңаш аяқтарымен араластыруда болды. Мекен тастап, тағы бір шелектей су құйып, шұқартуға секіріп түсті де Мария Ивановнаның өзі де алжапқыш етегін қолдарымен көтеріңкірей балшық иленген балшықты алып, үй қабырғаларын сылаумен шұғылданды. Бұл күні Мария Ивановна басқарған қыздар бригадасы үш үйді шұқартушылар сылап бітірді.

Күн артынан күн өте берді. Бір күні Мария Ивановна көл жағасына көше болып тартылған жеке меншікті үйлер қатарын аралап келе жатты. Саман кірпіштен екі бөлмелі үйдің қабырғаларын қалап бітіріп, төбесіне арқалық салып, ішіне плиталы пеш орнатқан үйге қызыра қарайды.

—Жақсы үй болайын деп тұр екен, —деп қуаныш білдірді. Үй маңайында тақтай, бөрене, сырғауыл, қаңылтыр, шифер жатыр. Жаңа үйге салынатын тақтай есік сенекке кіретін жүре беріске тасталған. Сенек іші сыланып, ағартылып, қағылған шегелерге әйел, еркек киімдері ілінді. Сүйеулі велосипед тұр. Дал ортада бір қап жас қияр, қап аузы ашық.

Татьяна Павловна жеңіл көйлекпен, жалаң аяқ сенек ішін жыйыстырып жүр

еді. Сырттан келген әйелді даусынан танып:

—Мария Ивановна, кіріңіз мұнда. Есенсіз бе? Кеше совхоздың құрмет тақтасына көзің түсіп еді, сіздің фамилияңыз бен сіз бастаған қыздарды көріп өзім жазылғандай, өзім бірінші орын алғандай қуандым. Аңада, жолда, машина үстінде келе жатқанда сіздің жақсы істейтініңізге сенген едім. Бұл сізге де, және сізді мұнда жіберген ұйымға да абырой, —деді Татьяна Павловна.

—Тыңдырған ісіміз өлі аз. Бүгін амбулаторияға кіріп шығып ем, дәрігер енді көп уақыт палатқада тұра алмаймыз, дегенді айтты. Амбулаторияға деген үйді Сталинградтан келген жас құрылысшылар салып жатыр. Төбесін жауып, есік терезелерін орнатса, шұқартушылар, іші тысы сылауды біздің бригаданың қыздары тез аяқтар еді, —деді Мария Ивановна. Татьяна Павловна тарелкаға қияр тұрап салып, Мария Ивановнаға ұсынды.

—Келер жылы өз совхозымыздың қияры мен помидоры, капустасы мен картобы, өзі орып жыйнайтын астығы болады. Адамдар дегеніміз жасампаз күш қой. Жапан тұзге ағаштар тұқымын егіп, жасыл орман жасайды, кірпіш пен бөренелерден үйлер тұрғызып, көшелері бар әсем қала, поселка салады. Осыны ойлағанда жапың қуанып, жүрегінде бозша торғай тамбылжытып, ән салып тұрғандай сезінесің, —деді мұғалима.

Мария Ивановна да совхоз адамдарының қуанышын білдірерліктей жақсы сөз айтып келіп, ойланып толқын отыр.

—Адамдарымыз қырықтан астам тұрғын үй салып, күстан басқа ешкім мекендемеген жапан түзді елді пунктке айналдырды. Он жеті мың гектар тың көтерді. Ендігі арманым —келер жылы егін салып, комбайнмен күз егін орғына аралассам, бірінен соң бірі келген машиналарға бунберден алтындай бидайды беріп тұрсам деймін... беріп те тұрамын, —деді Мария Ивановна.

—Мария Ивановна, сіздің ондай жа мамандығыңыз бар ма?

—Мен комбайншымын ғой, —деді Мария Ивановна күлімсіреп.

—Сіз тамаша адамсыз.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МЕХАНИКАЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС

БУДАПЕШТ, 13 сентябрь. (СОТА). Бүгін мұнда ауыл шаруашылығын механикаландыру жөніндегі халықаралық конгресс ашылды. Бұған Совет Одағы, Румыния, Герман Демократиялық Республикасы, Чехословакияның делегациялары, Венгрияның ауыл шаруашылығының оқымыстылары мен механизаторлары қатысады.

Конгресті Венгрия жер шаруашылығы министрінің орынбасары Михай Кэкень ашты. Ол конгреске қатысушыларды құттықтап және конгресс жұмысының зор маңызын атап өтті.

Социализм тұсындағы ауыл шаруашылығын механикаландырудың табыстары кеңінен көрсету, деді Кэкень, Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде көрсетілген табыстар болып табылады. Кэкень конгресс қызметкерлері бейбітшілік лагері мен социализм елдерінде ауыл шаруашылығын бұдан әрі механикаландыра беруге және олардың арасында достықты нығайта беруге көмектеседі деген сенімін білдірді.

«Дөңді дақылдарды комплексті механикалық жолмен ору, «АД-4» комбайнын жасау және оны жұмысқа пайдалану» жөнінде Венгрия ауылшаруашылық машиналары ғылыми зерттеу институтының директоры, профессор Имре Рава баяндама жасады.

Конгресс екі күнге созылады және жұрттың егілетін дақылдарды механикаландыру, мал азығын жыйнауды механикаландыру, сол сияқты МТС-тердің коллективтік шаруашылығы мен шаруаларға көмегі жөніндегі мәселені талқылайды.

ПОЛЯК- СОВЕТ- ДОСТЫҒЫНЫҢ АЙЛЫҒЫ

ВАРШАВА, 13 сентябрь. (СОТА). Польша Халық Республикасында дәстүрлі поляк- совет достығының айлығы басталды. Қалалар мен селоларда, өнеркәсіп орындарында және жер өндіріс кооперативтерінде айлықтың ашылу құрмегіне арналған салтанатты жыйналыстар мен кештер өткізілді. Өзінің қатарында 7 миллионнан аса мүшесі бар поляк- совет достығының қоғамы айлық өткізу үшін үлкен программа белгіледі. Еңбекшілер үшін Совет Одағының бейбітшілік саясаты мен советтер елі халықтарының өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, ғылым мен мәдениет саласындағы табыстары жөнінде мыңдаған лекциялар оқылып, баяндамалар жасалды. Клубтар мен мәдениет үйлерінде СССР-да коммунизм құрудағы қол жеткен табыстар, сол сияқты совет халықтарының тұрмыс дәрежесін жақсарту жөніндегі табыстарына арналған көрмелер ашылды.

Қалалар мен селолық кинотеатрларда советтік кинофильмдерінің фестивалы басталды. Айлық кезінде Варшавада салынып жатқан И. В. Сталин атындағы мәдениет және ғылым Сарайы құрылысына Польша еңбекшілері көптеген экскурсиялар ұйымдастырып, Сарайды салып жатқан совет құрылысшылары мен кездесу

Азия халықтары СЕАТО-ны сынауда

ПЕКИН, 13 сентябрь. (СОТА). Манилада қол қойылған СЕАТО агрессиялық соғыс пактысына тоқтала келіп, «Женьминьжибао» газеті өзінің басмақаласында бұл пактының құрылуы АҚШ-тың өзінің жақтастарына қатты қысым жасауы нәтижесі болып табылады, деп атап көрсетеді. Американдық агрессияшыл топтардың мақсаты, деп жазады газет, Азияны соғыс топтарына бөлу, Индо-Қытайда бейбітшілік орнату туралы Женева келісімінің орындалуын іске асырмау, бейбітшілік үшін, азаттық пен ұлттық тәуелсіздік үшін күресіп жатқан Азия халықтарының күшін жаныштау, халықтардың бейбітшілік жолмен өмір сүруге ұмтылуын тұншықтыру болып табылады. Өздерінің мақсаттарына жету үшін АҚШ-тың басшы топтарының Азия халықтарының қарсылығына қарамай, Азияны жаңа соғыс ошағына айналдыру үшін халықаралық жағдайды шиеленістіре түсуге тырысуда.

Бұл пакт түгелдей БҰҰ Уставы принциптеріне қайшы келеді. СЕАТО пактысының негізінде Оңтүстік- Шығыс Азияда құрылған соғыс блогі БҰҰ Уставында көрсетілген кейбір ұйымдастырушылық істерге ешқандай жанасу жоқ. Өйткені, бұл блок американдық агрессияшыл топ-

тарға жаңа соғысты бастап, агрессияны іске асыру үшін договорға қол қойған елдерді соғыс өртіне түсіруге мүмкіндік береді.

Азия елдерінің басым көпшілігінің американдық соғыс блогіне қарсы шығу фактісі коллективтік бейбітшілік үшін күресуші күштердің жеңілмейтіндігін таңытады. Американдық агрессияшыл топтардың Азиядағы тарих доңгелегін жері айналдыруға күші келмейді және олардың агрессияшыл жаңа жоспарлары күйреуге соғады. Қытай Халық Республикасының үкметі мен халқы өздерінің дүние жүзіндегі барлық елдермен де екі жақты да суверендікті және территориялық бүтіндікті, екі жақтың да ішкі істеріне қол сұқпауды құрметтеу негізінде бейбітшілік жолмен өмір сүргілері келетіндігін тағы да дәлелден отыр.

ПЕКИН, 13 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Делиден былай деп хабарлайды:

«Нью эйдж» газеті өзінің редакциялық мақаласында СЕАТО Индо- Қытай жөніндегі Женева келісімін бұзу және Индо-Қытайдағы келісімді бұздыруға тырысу болып табылады, деп жазған.

Газет СЕАТО-ны Индияға төніп отырған хауіп деп атайды.

Фашизм мен соғысқа қарсы халықаралық күрес күні

БЕРЛИН, 13 сентябрь. (СОТА). Фашизм мен соғысқа қарсы халықаралық күрес күні оқыйғасына байланысты 12 сентябрьде Герман Демократиялық Республикасының қалалары мен селоларында «фашизм ешүақытта да қайта тууға мүмкін емес» деген ұранмен көп адам жыйналған митингтер болып өтті.

Дрезденде бұл күнді атап және фашизммен күрестегі қаза тапқан ерлерді еске түсіру үшін болған митингке 30 мыңнан астам адам жыйналды. Эрфурт пен Потсдамда болған митингтердің арқайысына 10 мыңнан адам жыйналды, ал, Котбусте болған митингке 6 мың адам қатысты. Митингтер мен фашизмге қарсы күресте қаза тапқандардың зиратына венюктар қою, сол сияқты Магдебург, Росток, Одердағы Франфуртге, Беймар, ГДР-дің басқа да қалаларында болды.

Берлиндегі Трентов паркінде Берлиндегі мекемелер мен қызмет орындары еңбекшілерінің көптеген делегациясы, сол сияқты шетел делегациялары Берлин үшін

ұрыста қаза тапқан совет жауынгерлеріне орнатылған ескерткіштің маңына венюктар қойды.

ПРАГА, 13 сентябрь. (СОТА). Кеше Чехословакия еңбекшілері фашизм мен соғысқа қарсы халықаралық күрес күнін атап өтті.

Елдің барлық жерлерінде митинг пен демонстрациялар болып, оған қатысушылар жаңа соғыс дайындауға бағытталған американдық және бонн милитаристерінің саясатына қарсы батыл күресе алатындықтарын көрсетті. Прагада бейбітшілікті қорғауға арналған үлкен манифестация болды. Бұған бұрынғы саяси тұтқындар-партизандар, қарсыласу қозғалысына қатысушылар, фашизмнің құрбандығы болғандардың туысқандары қатысты.

Көптеген қалалар мен селоларда капиталистік елдердегі еңбекшілердің бейбітшілік жолындағы ерлік күресіне арналған көрмелер ұйымдастырылды. Духовц қаласында фашистер өлтірген жұмысшыларға ескерткіш орнатылды.

Бразилия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің үндеуі

МОНТЕВИДЕО, 13 сентябрь. (СОТА). «Импренса популар» газеті Бразилия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің ел ішінде болған мемлекеттік төңкеріске байланысты үндеуін жариялаған.

Қару күшін пайдалана отыра, делінген үндеуде, халықтың қас жаулары Бразилияның аяқ қолын матап американдық магнаттардың алдына тастау үшін өкмет басына келді. АҚШ-тың басшы топтары

мамен бүркөмелеуге текке тырысуда. Олар демократия туралы айта отырып, көшеде халықтарды өлтіре береді. Өкмет басына халық жек көретін және келесі сайлауға шейін тұрақтап тұра алмайтын адамдар келіп алды. Бірақ халық өзін алдауға жол бәрмейді. Халық көшелерде өзінің американдық төңкеріске қарсы наразылығын білдіріп, оны жоққа шығарады.

Үндеуде былай деп атап көрсетіледі: «Бразилиядағы Бразилияның отарлаушы

ВЕЛИКОБРИТАНИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 13 сентябрь. (СОТА). Таяу күндердің бірінде Великобритания Коммунистік партиясы атқару комитетінің мәжілісі болып өтті. Бұл мәжілістен кейін жарияланған мәлімдемеді «Бейбітшілік үшін күрес жаңа және шешуші фазаға жетті» деп атап көрсетілген. 30 жыл бойына, делінген мәлімдемеді, герман милитаристері мен монополистері Англия мен бейбітшілікті екі рет дүниежүзілік соғысқа дұшар етті. Бұл қайталануға тиіс. Германияны қаруландырудан басқа да шығатын жол бар. Бұл жол —барлық Европадағы коллективтік хауыпсыздандыру туралы договор болып табылады.

Мәлімдеменің қорытындысында бұл сыяқты шешім жолындағы күрес кейінгі ұрпақтарға бейбітшілікті қамтамасыз етеді деп атап көрсетілген.

ВЕНГРИЯДА ОТАНДЫҚ ХАЛЫҚ МАЙДАНЫН ҚҰРУҒА ДАЙЫНДЫҚ

БУДАПЕШТ, 13 сентябрь. (СОТА). Отандық халық майданын құру жөніндегі Бүкілвенгриялық комиссияның мәжілісі болып өтті. Мәжілісте қабылданған қарарда комиссия саяси, қоғамдық және көпшілік ұйымдары, коллективтік орындар, тұтыну және өндірістік кооперативтер, бейбітшілікті қорғау комитетінің 20 сентябрьге дейін, облыстық (комитаттық), аудандық (уездік), қалалық, селолық комитеттерді Отандық халық майданын құруға шақырған.

Бұл комитеттердің міндеттері —жергілікті, облыстық және аудандық Отандық халық майданы комитеттерінің сайлауын дайындау, сол сияқты Отандық халық майданы съезіне делегаттар сайлау болып табылады.

ВЕНАДА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТІ БЮРОСЫ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

ВЕНА, 13 сентябрь. (СОТА). Дүниежүзілік Бейбітшілік Советі бюросының бүгін жарияланған мазмұндамасында былай делінген:

13 сентябрьде Венада дүниежүзілік Бейбітшілік Советі бюросының сессиясы ашылды.

Сессияның жұмысына бейбітшілік үшін қозғалыстағы көп ұлттардың өкілдері болып табылатын қонақтар қатысады.

Сессияның бірінші мәжілісінде профессор Бернал халықаралық жағдай және бұдан шығатын бейбітшілік үшін қозғалыстың міндеті туралы баяндама жасады. Сессия 15 сентябрьге дейін созылады.

ЖАПОНИЯДАҒЫ АМЕРИКАНДЫҚ СОҒЫС БАЗАЛАРЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ШАНХАЙ, 13 сентябрь. (СОТА.) Токио радиосының хабарлауы бойынша бүгін бүкілжапониядағы американдық соғыс базасында қызмет етуші 110 мың жұмысшылардың ереуілі басталған. Жұмысшылар американдық базалар басшы орындарының көшішілер одағының правосына қол сұғынатынына қарсылық білдірген

Американ фермерлерінің ауыр жағдайы

ВАШИНГТОН, (СОТА). АҚШ-тың егіншілік министрлігі америкн фермерлерінің үстемізделі жылдың алғашқы сегіз айында ауылшаруашылық өнімдерін сатудан түсірген табысы өткен жылғы осы уақыттағыдан шамамен 4 процент кем болғанын хабарлады. Мақта, бидай, темекі және басқа ауылшаруашылық дақылдарын сатудан түскен табыс 7 процент кеміген.

Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісінің хабарына қарағанда, сенатор Фулбрайт (Арканзас штатынан) елдің қуаншылық болған оңтүстік батыс бөлегіндегі бес штаттағы жағдай апатқа ұшыратарлық, деп мәлімдеген. «Егер мыңдаған фермерлерге,—деген ол,—тегін бидай мен жүгері беріліп,

дереу көмек көрсетілмейтін болса, олардың көпшілігі қыс түскенше-ақ күйзеліске ұшырайды».

Оклахома штаты фермерлері одағының секретары Лотер қуаншылыққа ұшыраған бұл штаттағы фермерлер шарттасын алған борышын өтеу үшін малын жарты баға арзанға сатуға мәжбүр болып отыр деп мәлімдеген. Егіншілік министрі Белсонның программасы, деген Лотер, сіра, фермерлерді өз өнімін ауылшаруашылық товарларымен сауда жасайтын саудагерлерге сатуға мәжбүр етуді мақсат етегіні болса керек, бұл саудагерлер өткен тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, рыноктағы алып- сатарлығымен ұсақ фермерлерді күйзелткен болатын.

Республикашылардың президенттікке ұсынған бұрынғы кандидаты Лэндонның АҚШ-тың сыртқы саясаты туралы пікірі

НЬЮ- ЙОРК, (СОТА). Поркта шығатын («Пенсильвания штаты) «Газетт энд дейли» газеті республикашылар партиясының 1936 жылғы сайлауда АҚШ-тын президенттігіне ұсынған кандидаты Альфред М. Лэндонның Құрама Штаттардың сыртқы саясаты туралы мақаласын жариялады.

Лэндонның мақаласының бас жағында былай делінген: «Мен барлық американдарды дүниежүзілік үшінші соғыс болмай қоймайды және біз сол соғыс арқылы өтуге тиістіміз деген соғысқұмарлық пікірлерге қарсы наразылық білдіруде маған қосылуға шақырамын».

Лэндон Эйзенхауэр мен Даллестің саясаты Труман мен Ачесонның сыртқы саясатының жай жалғасы болып табылады,

деп мәлімдейді. «Эйзенхауэр мен Даллестің саясаты қадам басқан сайын бізді жаңа соғысқа қарай бастап әкеле жатыр деушілердің айтқаны мен дұрыс деп санаймын,—дейді бұдан соң Лэндон. Мен АҚШ-тың үкметі демократтардың үш үкметінің ізімен келе жатыр деп те санаймын... Біздің реалистік көзбен қарауымыз керек еді және Қытайдың ұлы держава болып табылатындығын түсіну керек еді. Біз бұл жөнінде өзін-өзі алдап отырған бір ғана ел болып табылатын тәріздіміз. Пайке шыңы (Колорадо штатындағы биік шың —**Ред.**) жоқ деп дүние жүзін нандыруға тырысып ештемеге жетуге болмайтындығы сияқты, дүниеде Қытай жоқ деп дүние жүзін нандыруға тырысып ештемеге жетуге болмайды...».

Баодай лагеріндегі жік туушылық

ПАРИЖ, 13 сентябрь. (СОТА). Оңтүстік Вьетнамнан келіп жатқан хабарларда баодайшылардың арасындағы орын алған алауыздылық пен өкмет үшін күрестің болып жатқандығы туралы айтылады. Бұл алауыздылық әресе соғыс қиймылдарын тоқтату туралы Женева келісіміне қол қойылғаннан кейін күшейіп кеткен.

Шиеленіскен күрес премьер министр Нго Динь Дьем бастаған баодайлық үкмет пен баодайлық армияның бас штабының бастығы генерал Нгуен Ван Хинь бастаған соғыстық топтар арасында болып жатыр. Өзінің басты дұшпанынан құтылу үшін Нго Динь Дьем 10 сентябрьде «Францияға алты айлық оқуға бару үшін» Нгуен Ван Хинь самолетпен Парижге ұшуы туралы бұйрыққа қол қойған.

Алайда, Франс Пресс агенттігінің хабарлауы бойынша Нгуен Ван Хинь бұл бұйрықты орындаудан бас тартқан және

Сайгонда өзінің жұмысын тоқтатпастап жүргізіп жатыр. Бұл орын, егер полиция үйге кіруге әрекеттенген болса, қуып, тарату үшін екі бронемашина және өрт сөндірушілермен қорғалып тұр.

Бұл уақытта Вьетнамның премьер министрі Нго Динь Дьем өзінің сарайының айналасына 100 полицейлерді қойып, қорғануға кіріскен.

Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Сайгоннан берген хабарына қарағанда орталық сектордағы Баодай әскерлерінің бұрынғы команданысы генерал Нгуен Ван Ви премьер министрдің бұйрығына қарамастан Нгуен Ван Хиньнің ісін қолға алудан бас тартқан. Сол себептен Нгуен Ван Ви кәзір тұтқында отыр деген хабар бар.

Шетел тілшілері өздерінің хабарларында Оңтүстік Вьетнамда соғыс төңкерісі болудың мүмкіндігі бар дегенді сездірді.

Шахмат сйыбынан дүниежүзінде командалық бірінші орын алу жарысы

АМСТЕРДАМ, 13 сентябрь. (СОТА-ның)

пешканың ферзіге тез шығуы үшін Ботвинник өзінің бір ладиясы мен атын бер-

Айлыққа қатысу үшін Польшаға ССРО Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, химия ғылымының докторы В. И. Спицын бастаған КБОС делегациясы келді.

РУМИНИЯДА РУМЫН-СОВЕТ ДОСТЫҒЫНЫҢ АЙЛЫҒЫНА ДАЙЫНДЫҚ

БУХАРЕСТ, 13 сентябрь. (СОТА). 7 октябрьден 7 ноябрьге дейін Румынияда дәстүрлі румын-совет достығының айлығы өткізіледі.

Айлықты өткізу жөнінде құрамында 78 адам бар ұлттық комитет құрылған. Ұлттық комитет мүшелерінің ішінде Министрлер Советінің Председателі Г. Георгиу-Деж, Ұлттық жыйналысы президиумының председателі П. Гроза, Румын жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Г. Апостол, Арлус председателі академик К. Пархон, академик М. Садовяну және басқалары бар.

Бразилияда өткізілетін айлықта түсумен келесінші, оның қалқын американдық монополияның қанаушылығына төзбейтін барлық патриоттар мен демократтарды, барлық бразилиялықтардан қырағылықты күшейтуге талап етеді.

Варгастың үзметі американдық Кафа Фильо диктатурасымен ауыстырылды. Төңкеріске қатысушы генералдар Варгастың ауыстырылуын конституциялық формуле тырысуда.

Оңтүстік Вьетнамда соғыс тұтқындарын айырбастау

ПЕКИН, 13 сентябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі былай деп хабарлайды: 20 август пен 4 сентябрь арасында Вьетнам Халық армиясы мен француз одағының әскерлері Оңтүстік Вьетнамдағы Жиа-Райда (Бак-Лю провинциясы) соғыс тұтқындарын тоғыз рет айырбас жасаған.

Бұл мерзімде Вьетнам Халық армиясының бас командованиесі француздар жағына 196 вьетнамдық, француздар мен комбоджийлік соғыс тұтқындарын берген, оның ішінде 12 офицер және 41 кіші

офицерлер бар. Жеңіл жараланған үш тұтқыннан басқа қалған соғыс тұтқындары екі жақ келісілген келісімге сай дендері сау және материалдық жағдайы жақсы күйінде өткізілген.

Француз одағының әскерлері 8312 адамды талсырды. Мұның ішінде 1200 соғыс тұтқыны және армияның аздаған негізгі қызметкерлері бар. Бұлар 1951 жылдан бері француз одағы әскерлерінің қолына түскендер болатын. Ал, қалғандары «жергілікті жерді тазарту» үшін француздар жүргізген операция кезінде қолға түскен жай азаматтар болатын.

рі Изотов дегенмен бірлесіп, колхоз председателі Жиновтың жауапсыздығы мен ашыққауыздығын пайдаланған. Сөйтіп, колхоздың 40 центнер астығын колхозшылардың мемлекеттік дайындау орындарына сатқан астығы деп көрсетіп, жалған документпен ол астықтың ақшасын сіңіріп кеткен. Колхоз председателі Жиновтың тарапынан ешқандай бақылаудың жоқтығын пайдаланып Изотов 1953—1954 жылдары 1125 центнер бидайды, 448 центнер қара бидайды, талан-тараққа салған және 425 центнер бидайды жіріткен.

Совет азаматы социалистік меншікке қол сұғушыларға қарсы қатаң күрес жүргізумен қатар, бұл қылмысты жасаушыларға жол беріп отырған ашыққауыздар мен жауапсыз басшыларға қарсы мейірімсіз күрес жүргізулері керек. Өйткені, қай жерде бақылаусыздық орын алса, сол арада арамзалардың социалистік меншікке қол сұғушының басым болатындығы тәжірибе дәлелденіп отыр.

Ұлы Ленин 1921 жылдың өзінде-ақ мемлекеттік меншікке қол сұғушыларды қатаң жазаға тартумен қатар бұл қылмысқа жол беріп отырған жауапсыз және ашыққауыз басшыларды да қатаң жазаға атап ескерткен болатын. Бұл нұсқау адам санасындағы капитализмнің қалдықтарына қарсы аяусыз күрес жүргізіліп отырған кезінде ерекше маңыз алып отыр.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл арттыру жөніндегі алға қойып отырған міндеттерін орындау жолында бүкіл совет еңбекшілері қажырлылықпен еңбек етіп жатқан кезде социалистік меншікке қол сұғушы арамзаларға қарсы күрес айырықша батылдылықпен жүргізілуі керек. Өйткені, социалистік меншікке қол сұғушы капитализмнің адам санасындағы ең жиіркенішті қалдықтарының бірі.

Облыс еңбекшілері бийылғы жылы бітік еніп өсірді. Олар көзір бұл бітік өсі-

және еңбек ақы төлеуді өсіруді талап етеді. Американдық құрғақтағы әуе соғыс және соғыс теңіз базаларының барлығында да күзетшілер қойылған.

Базалардағы жұмыстар толығынан тоқтатылған, болмаса американдық солдаттардың күшімен орындалады.

СИРИЯНЫҢ ІШКИ ІСТЕРІНЕ ҚОЛ СҰҒУ

БЕЙРУТ, 13 сентябрь. (СОТА). Ливан «Телеграф» газетінің хабарлауы бойынша Дамаскадағы американдық, ағылшындық және түрік елшілері Сирия коммунистік партиясының бас секретары Халеда Багдашты Дамаскадағы ұлттық одақтың 10 сентябрьде ұйымдастырған сайлауы алдындағы митингте сөйлеген сөзіне «назар аударуда».

Бұл үш елшілік Сирия үкметімен, оның «Сириядағы коммунистердің қыймылына шек қою» керек екендігіне көзін жеткізу үшін келісімге кіріскен.

рілген егінді ысырапсыз жыйнап, мемлекет алдындағы бірінші пары—астық тапсыру жоғары мерзімінен бұрын орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Сондықтан, олардың қажырлы еңбегінің жемісі—алтын астықты көздің қарашығындай сақтау көзінгі таңдағы басты міндеттердің бірі. Бірақ, бірқатар колхоздар мен совхоздардың басшылары бұл жұмысқа осы уақытқа дейін мән бермейтін көрінеді. Мәселен, Мамлют ауданындағы «Большевик» ауылшаруашылық артелиінде комбайннан түскен астықтар қырманда өлшеусіз қабылданады. Оның үстіне колхоз председателі Мурачев жолдас колхоз қырманнан дайындау орындарына астықты өлшемей жөнелтуге нұсқау берген. Бұл сыяқты жағдай Ленин ауданындағы «Путь к социализму» ауылшаруашылық артелиінде де орын алған. Мәселен, мұнда қырманда астық өлшенбейді, комбайннан түскен астықтар тазартылғаннан кейін ешқандай есепсіз түрде дайындау орындарына жөнелтіледі. Мұның өзі социалистік меншікке қозғалтушылардың әрекетіне қолайлы жағдай болып табылады. Міне, осы сыяқты жауапсыздықты пайдаланып, Преснов ауданындағы Сталин атындағы колхоздың қырманнан Қоқышев деген бір центнерге жуық бидай ұрлаған. Бұл сыяқты арамзалардың қылмысты әрекеттері бірнеше колхоздардан кездесті.

Әрбір совет азаматы социалистік мемлекеттің көзін қарашығындай сақтап, оған қол сұғушылармен аяусыз күрес жүргізулері керек. Социалистік меншікке қол сұғушыларға қарсы аяусыз күрес жүргізіліп, қоғам мүлкін арамзалардың әрекетінен аман сақтау—совет азаматтарының қасиетті борышы болып табылады. Өйткені, қоғамдық меншік—совет адамдарының материалдық және мәдени тұрмысының байлығы.

Д. ТОҚПАНОВ.
Облыстық милиция басқармасының бастығы.

мандалық бірінші орын алу финалының алғашқы турында Совет Одағының шахматшылары Швеция командасымен ойыны.

Бірінші тақтадағы дүние жүзінің чемпионы Ботвинник гросмейстер Штальбергпен ойнал рети дебютін таңдап алды. Ойынның бас кезінде Ботвинник жақсы жағдайға ие болып, бұдан әрі жүресті шилеленістіре отыра ойынды өз пайдасына аяқтауға жағдай туғызды. Дүние жүзі чемпионының артықшылығы—тақтаның ортасындағы ашық қалған қығаш жолды ертерек қамту және ферза франгасында пешкасының артық болуына байланысты болды. Ботвинник өзінің бір пешкасын ілгері қарай тез жылжытты. Бұл

ді. Бес сағат ойналғаннан кейін оға партия кейінге қалдырылды. Дүние жүзі чемпионының ферзісі және төрт пешкасы бар, ал, Штальбергтің ладиясы, аты және бес пешкасы бар.

35-ші жүрісте Лундин (Швеция) гросмейстер Смысловтан өзінің жеңілгендігін мойындады.

Гросмейстер Бронштейн 33-ші жүрісте Хербертті ұтты.

Нильсон-Берес ойындары тең қалпында кейінге қалдырылды.

Бірінші турдағы алты ойынның тек екеуі ғана аяқталды. Югославия шахматшылары 3:1 есебімен голландиялықтарды ұтты. Исландия командасы 1,5:2,5 есебінде ағылшындықтардан ұтылды.

Футбол ойынынан «ССРО кубогын» жеңіп алу жарысы

СТАЛИНО, 13 сентябрь. (СОТА). Бүгін мұнда «ССРО кубогын» жеңіп алудың екінші кездесуі болды. Ойын «Шахтер», (Сталино) мен «Динамо» (Тбилиси) футбол командаларының арасында өткізілді. Кеше 90 минутке созылған ойын екі

команданың біріне де жеңіс әпермей, 2:2 есебімен аяқталған еді. Қосымша берілген уақытта да ешқандай өзгеріс болмаған.

Бүгінгі жарыс 1:0 есебінде Донец футболшыларының жеңісімен аяқталды.

Елімізде футбол ойынынан бірінші орын алу үшін

КУЙБЫШЕВ, 13 сентябрь. (СОТА). Бүгін мұнда елімізде футбол ойынынан бірінші орын алу жарысының кезекті кездесуі болып өтті. Куйбышевтың «Крылья

Советов» командасы мен москвалық «Динамо» командасы ойналды.

Кездесу 3:1 есебінде Москва динамошыларының жеңісімен аяқталды.

Редактордың орынбасары **Ғ. НҰРМОЛДИН.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«БІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ КЕЗДЕСКЕН СЫЯҚТЫМЫЗ»

«АЛДАНҒАН ҮМІТТЕР»

Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9-да басталады.

Сеанстар 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Солтүстік Қазақстан облыстық Совет аткомнің ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын бөлімі Теміртау, Жезқазған, Петропавл, Гурьев және Атасуық құрылыс басқармасына, кәсіпорнына және қалалар құрылысына ерлер және әйелдер қабылдайды.

Еңбек істеуге шарт жасасқан жұмысшыларға қайтарылмайтын 150 сомнан 1000 сомға дейін бір жолғы жәрдем және жолға тәулік ақы төленеді. Жұмысшылардың семьялары мен олардың жүктері бөлім есебінен тегін жеткізіледі.

Шарт жасасу үшін Петропавл қаласындағы Папанин көшесі, 98 үйге келіп, вокзалда—ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын инспекторға, селолық жерлерде—аудандық Совет аткомнің ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын өкілдеріне келіп, түсінік алуға болады.

Бөлімде жұмыс істеу үшін секретарь машинистка КЕРЕК.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.